Қаздауысты ҚАЗЫБЕК: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

БЕЙСЕНБІ,
22 ЖЕЛТОҚСАН, 2022 жыл №142 (23 172)

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

● СҮЙІНШІ!

Талантты ақын топ жарды

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Орталықтан» қанат қаққан қаламгер, ақын Жәнібек Әлиман «AMANAT» партиясы ұйымдастырған «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауында топ жарды. Астанадан жеткен ақжолтай хабар мерейімізді үстем қылды.

Әріптесіміз Жәнібек Бақытұлы Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына және жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған әдеби байқаудың «Поэзия» аталымында үздік шықты.

Иә, бұл есім көзіқарақты оқырманға етене таныс. Жәнібек «Орталықта» жүрген сәтінде мәдениет, әдебиет, руханият төңірегінде өндіре жазды. Руханият бөлімінің ауыр жүгін еркін еңсеріп, өрге сүйреді. Газет бетіндегі ойлы мақалаларына зиялы қауымның үн қатып, пайымды пікір айтқанын көзіміз көрді.

Қазір Жәнібек Әлиман ел газеті «Егеменде» жемісті қызмет етуде. Аталған газетте де руханият тақырыбында қалам тербеп жүр. «Егемен Қазақстан» газеті арқылы есімін ел біліп, жазбаларымен оқырман қауымға рухани азық сыйлап жүргені анық. Қысқасы, таланты жаңа тынысын ашты.

Ал, Қарағандының әдеби ортасынан өсіп-өнген Жәнібек Әлиманның жырларында өр рух басым. Дауылпаз Қасымның сарқытын аталған жүлдесімен құттықтап, қарашаңырақтың түлегіне шығармашылықтың шыңында болуына тілектестік білдіреміз.

Бұл мерей Қарағандының әдеби ортасының ғана емес, Арқа журналистикасының да абыройын асқақтатты. Себебі, «Орталық» пен ормандай оқырманның ақ батасын алған Жәнібек Әлиман ғой бұл. Әлі самғайды, жыр жүйрігі.

● ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА

Тозған желіні жаңарту қажет

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Келесі жылы ел көлемінде жылу желілерін жөндеу бойынша ауқымды бағдарлама қолға алынады. Алдымен тозу деңгейі 70 пайыздан асқан желілер жаңартылады. Бұл туралы Премьер-Министр Әлихан Смайылов Үкімет отырысында айтты.

Премьер-Министр баспасөз қызметінің хабарлауынша, отырыста энергетикалық объектілер мен жылу желілерінің жай-күйін ревизиялау барысы қаралды. Энергетика министрі Болат Ақшолақов министрлік 37 жылу электр орталығының техникалық жай-күйіне талдау жасағанын жеткізді. Қорытындысында «қызыл аймаққа» – 19, «сары аймаққа» – 11, «жасыл аймаққа» 7 жылу электр орталығы енді. Мұнда жабдықтың тозуы, технологиялық ақаулар саны, пайдалану мерзімі және кадр тапшылығы ескерілді.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев қалалардағы 12,1 мың шақырым жылу желісінің 6,7 мың шақырымын ауыстыру қажет екенін мәлімдеді. Орташа тозу деңгейі – 55 пайыз.

Әлихан Смайылов өңірлердегі проблемалар осы уақытқа дейін жасырылып келгенін айтты. Тексерулер нәтижесі нақты жағдай мен бұған дейін берілген ақпарат арасы тым алшақ екенін көрсетті. Станциялар мен желі иелері жеткілікті инвестиция салмаған. Қараусыз жатқан желілердің мәселелері де шешімін таппады.

– Бізде қыс айлары өте қатал. Яғни, апаттар бұған дейін де болып тұрды. Бірақ, олар саны жағынан да, ауқымы жағынан да мұндай болған емес. Баспасөз бен әлеуметтік желідегі шағымдарға қараңыздар. Барлық өңірде мыңдаған шағым бар. Бұл бір күннің ғана проблемасы емес. Жылдар бойы қордаланып келді, – деді Үкімет басшысы.

Энергия тапшылығы өткір тұр. Премьер-Министрдің айтуынша, қалалар кеңейіп, құрылыс секторы қарқынды дамуда. Абоненттердің саны артты. Мұның барлығы қолданыстағы жылу резервтерінің сарқылуына алып келді. Мұндай жағдай Астана, Алматы, Павлодар мен Ақтауда тіркелді. Аудандардың шалағай жоспары, тұрғын үйлер мен жылу желілерінің бейберекет салынуы апатты жағдайларға әкелді. Қалаларда ауаны ластайтын автономды қазандықтар көбейіп кетті.

Екі айдың ішінде екі ірі апат тіркелгенін, Өскемен, Рудный, Семей, Ақтау, Павлодар мен Теміртау қалаларының жылу жүйесінде қауіпті жағдайлар орын алғанын айтқан Премьер-Министр тиісті жұмыстар жүзеге асырылатынын жеткізді.

– Келесі жылдан бастап жылу желілерін жөндеу бойынша ауқымды бағдарлама басталады. Бірінші кезекте тозу деңгейі 70 пайыздан асып кеткен жылу желілері ауыстырылады. Мұндай желілер – 1600 километр. Екінші кезеңде 4 мың километрге жуық желі жаңартылады. Бұл өте ауқымды жұмыс әрі көп қаражатты қажет етеді, – деді Әлихан Смайылов.

Отырыста облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аймақтағы жылу беру нысандарын дамыту перспективалары туралы баяндады.

Көмірлі өлкенің энергетика саласында 7 станция, 3 өңірлік электр жеткізу компаниясы, 35 энергия өндіру және 40 жылу беру ұйымы бар. Жылу электр орталықтарындағы қазандықтардың тозуы – 75 пайызды, турбиналар тозуы 70 пайызды көрсетіп отыр. Ал, электр желілері – 69 пайызға, жылу желілері 67,7 пайызға тозып тұр. Бүгінде бұл көрсеткіштерді жақсарту мақсатында жоспар құрылды.

– Станциялардың қуатын арттыру үшін бірқатар жоба жүзеге асырылады. 2027 жылға дейін 4 станцияда 3 жаңа қазандық пен 5 турбина іске қосылады. Бұл станциялардың электр қуатын 310 МВт-қа және жылу энергиясын 430 Гкал/сағатқа арттыруға мүмкіндік береді. Электр желілері мен қосалқы станцияларды жаңғыртуға 2025 жылға дейін 62 млрд. теңге инвестиция тартылады. Бұл олардың тозуын 67,3 пайызға дейін төмендетеді, – деді аймақ басшысы.

Биыл 49 шақырым жылу желісі жөнделіп, жаңадан салынды. Ал, келесі жылы аталған жұмыстар 57 шақырымды қамтиды.

Облыс әкімінің айтуынша, қазіргі уақытта басты жобаларды қаржыландыруды ұлғайту мәселесі салалық министрліктермен бірге пысықталуда.

Құрметті оқырман!

ОБЛЫСТЫҚ «ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5848,50	5919,00
		12 ай	11697,00	11838,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	6 ай	3100,50	3111,00
		12 ай	6201,00	6222,00

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

Анықтама телефоны:
8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

● МӘСЕЛЕ

Қымбат дәрі дертке дәру бола ма?

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарапайым халық үшін аса қажет тауардың бірі – дәрі-дәрмек. Дәрі-дәрмек төңірегінде шешімін таппай жатқан мәселе көп. Ең өзектісі – дәріхана сөресіндегі препараттардың бағасы қымбат. Тұрғындарды әбден әуреге салған дәрі-дәрмек бағасына қатысты түйткілдің түйіні тарқамай тұрғанына да талай жылдың жүзі болды. Қазақстан дәрі-дәрмегі қымбат елдердің қатарына кіреді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, дәрі бағасы Қырғыз, Ресей, Беларусь елдерінен жоғары. Халықаралық ұйымның қорытындысынан бөлек, елімізде кейінгі екі-үш айда дәрі бағасы 30 пайызға қымбаттаған.

2-бетте

● ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

Дала тағылымын алған дарын

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерлан Төлеутай есімі кешегі Мәди кейпінде көпшіліктің көңіл төрінде. «Қаракесек» әні оның өнердегі рухын өрлеткен ұраны іспеттес еді. Арқадағы алғашқы кешінің шымылдығын Ерлан Төлеутай Ақселеу Сейдімбектің «Сарыарқасымен» түрді. Әуелден әуелете ән салғанда әр жерден мағмұрланар жұрт құлағы бұл жолы да сақ еді. Сахнада ән салған әнші көмбеден көсілген жүйрік секілді емес пе?! Залдан естілген қиқу Ерлан Мұқатайұлын одан әрі арқаландыра түскендей.

Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен һәм мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен Кеншілер мәдениет сарайында дәстүрлі әнші, композитор, кинодраматург, өнертанушы Ерлан Төлеутайдың «Атыңнан айналайын, Қарағанды!» атты ән кеші осылай басталып кетті.

8-бетте

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ақадырдың тынысымен танысты

Өңіріміздің тыныс-тіршілігімен танысып, қоғамдағы негізгі саланы дамыту жолын қарастырған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл жолы Шет ауданына жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында өңір басшысы ауданның бірқатар әлеуметтік нысандарын аралап, мемлекеттік бағдарламалар аясында жүргізіліп жатқан құрылыстармен танысты.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

20-дан астам медициналық мекеме салынады

Шет ауданында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша екі жыл ішінде он бір фельдшерлік-акушерлік және он медициналық пункт салынған. Сонымен қатар, Ақадырда жергілікті медициналық мекеме күрделі жөндеуден өтуде. Стационарлық блоктан басталған жұмыс, жылу трассасы, шатыр толығымен ауыстырылып аяқталған. Барлық сыртқы әрлеу жұмыстары жасалған. Ол ауылдың 15 мыңнан астам тұрғынына және жақын маңдағы ауылдарға қызмет көрсетеді.

– Қазір ішкі әрлеу жұмыстары жүріп жатыр. Жаңа жылға дейін біз стационарлық блокты пайдалануға береміз. Екі емхана блогі қалады. Бүгінгі таңда жұмыс 95%-ға аяқталды, – дейді Шет ауданының орталық аудандық ауруханасының директоры Алпыс Аманжолов.

Медициналық мекемеде барлығы 18 дәрігер жұмыс істейді, оның ішінде 5 жалпы тәжірибе дәрігері, 13 бейінді маман және 83 орта медициналық қызметкер. Мекемеге жалпы тәжірибелік дәрігерлер, анестезиолог пен хирург қажет.

Келелі кездесу, маңызды міндет

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аудан әкімі Мұхит Мұхтаровтың есебін тыңдап, халықпен кездесу өткізді.

– «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Ақжал кентінің 15 көшесі жөнделді. Олар толығымен асфальтталған, – деді Мұхит Мұхтаров. – Бұрмада су құбыры салынды. Құбырлар 274 тұрғын үйге дейін жүргізілді. Көктемде іске қосу жоспарланған. Сондай-ақ, аудандық бюджет есебінен Нұраталды, Үңірек және Ақшатау ауылдарында ұңғымаларды бұрғылауға және Кеншоқы, Тағылы, Дария, Красная Поляна және Батық ауылдық округтерінде су құбырларын жөндеуге қаражат бөлінді. Жарықтандыру сегіз елді мекенде жүргізілді. 263 жарықтандыру тірегі орнатылды. Сонымен қатар, жалпы ұзындығы 47 шақырым болатын сегіз елді мекеннің орамішілік жолдары және аудандық маңызы бар жолдар жөнделді. Шет ауданында тұрғындарды бұқаралық спортқа тартуға көп көңіл бөлінеді. Биыл Ақсу-Аюлы, Ақадыр және Мойынтыда салынатын денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің болашақ ғимараттарының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлейтін мердігерлер анықталды. Үш білім беру нысаны жөнделді. Алдағы екі жылда республикалық «Жайлы мектеп» жобасы бойынша С.Сейфуллин атындағы ауылда және аудан орталығында тиісінше 200 және 300 орындық екі мектеп салынады.

Сондай-ақ, Шет ауданының тұрғындарымен кездесу «Ашық микрофон» түрінде өтті. Тұрғындар көкейлеріндегі өзекті сұрақтарын қойды.

Ауыл тұрғындары қардың уақытылы тазаланбауы, электр қуаты желілерінің үзілуі, үйді-үйге орталықтан су тартылмауы, тұрмыстық газдың қымбаттауына және учаскелік полиция инспекторларының жетіспеушілігіне шағымданды. Тұрғындардың барлық сұрақтары назарға алынды. Кездесу соңында әкім азаматтарды жеке мәселе бойынша қабылдады.

Сапар қорытындысы бойынша аудан әкімі Мұхит Мұхтаровқа өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша жұмыс жүргізуді, сондай-ақ инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуын бақылауда ұстау тапсырылды.

Шет ауданы

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

● ЕҢБЕК АДАМЫ

Маңдай тер сіңген еңбек

Көне ғұрып қолөнерді заманға сай лайықтап, кәсіп қылуға болатынын дәлелдеген жастарды көргенде жүрегіңіз жылиды. Әуелі, дәстүрді жаңғыртып, жаңартып, XXI ғасырға алып шыққаны үшін. Салт-дәстүрді сабақтағаны үшін. Ғұрыпты ұмыт қалдырмағаны үшін. Осының бәріне жүрек жылитындай-ақ қой. Қарағанды қаласында тұратын Жанерке Ахметжанова осылайша тәңір берген несібесін теріп келеді. Еңбегімен өнген жас кәсіпкер.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір кәсіп қыламын, еңбек етемін дегенге мүмкіндік бар. Мемлекеттік қолдаудың түрлі бағдарламасы қарап отырмайтын кісіге көп көмек. Тың идеялардың толағай табысқа бастайтынын бұқара осы күні жете түсінді. Өзін де, өзгені де жұмыспен қамтып, тәуір тұрмыс кешіп жатқандар солайша тәуекелге бел буғандар.

Жанеркенің «Ерке» ательесі жұмыс бастағанына небәрі жыл жарым уақыт. Содан бері тапсырыс берушілері де, өнімдерінің де қатары молайған. Облыс әкімі грантын жеңіп алған Жанерке құрақ көрпе, ою көрпе дегеннен бастап, қыз ұзату, тұсаукесер тойына қатысты түрлі тапсырыстар қабылдайды екен.

– Ателье «Ерке» ашылғанына бір жарым жыл болып қалды. Осы уақытқа дейін клиенттер айтарлықтай көбейді. Грант арқасында ісім өрге жүзді. Бұл грант – іс бастайтын жастарға зор қолдау.

Әзірге өзім ғана жұмыс істеп отырмын. Алдағы уақытта көмекші алу жоспарда. Бүгінде менің қолдаушым, әрі тірегім Құдай қосқан қосағым – Мадияр Мақанов пен алтын енем. Осы шаңырақтың табалдырығын келін ретінде аттағалы маған көмектерін аянып қалған кезі жоқ. Тіпті, тапсырыстарды үлгермей қалатындай жағдай туса, түнімен менімен бірге жұмыс істеп, көмек қолын созады.

Келін болып түскенде, өз ісімді бастағым келді. Бастамама енем қолдау көрсетті. Алтын енем іс тігетін машинка алып берді.

Ең алғашқы тапсырыс карантин кезінде түсті. Бетперде тігуге тапсырыс берілді. Бір түнде 100-ден аса маска тіккен едік. Кейін грант ұтып алған соң іс машинаның қуаттысын алуға мүмкіндік туды, – дейді Жанерке.

Осы күні Жанеркенің тұтынушыларының қатары мол. Тіпті, 24 сағат – тәулік бойы өтініш айтқандардың тапсырысын тапжылмай отырып, тігетін ерік-жігері жеткілікті.

«Бизнес бастағанда таныстар-туыстар клиент-тін. Кейін жарнамаға «24/7» белгісін қойып едім, тапсырыс берушілер саны артты. Түнде де тапсырыс қабылдаймын. Байқасам, Қарағанды бойынша түнімен тапсырыс қабылдайтын мен ғана екенмін», – дейді Жанерке.

Бұл күні жас кәсіпкер мекемелерден тапсырыстар алып отырса керек. Мекемелерден арнайы киімі, перделер, акт залын безендіру секілді жұмыстарға сұраныс жиі екен. Сонымен қатар, қазақтың той-томалағына қатысты барлық қажетті бұйымдар жасайтын қабілет-қарымы жеткілікті. Оған да сұраныс әжептәуір көрінеді. Әйтеуір, еңбектен қашқан кезі жоқ.

Еңбектің жақсы-жаманы жоқ, әманда. Қандай еңбек болса да, құрметке лайық. Өйткені, ол еңбектің әрқайсысына маңдай тер сіңген. Маңдай термен келгеннің қадірі ерен болуы тиіс ендеше. Жас шебер Жанеркенің еңбегі де дәл сондай.

ҚАРАҒАНДЫ

● МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Жаңа әдіс – жаңа мүмкіндік

«Қарызы» бар сақтандырылмаған тұрғындар үшін «сақтандырылған» мәртебесін алу үшін жаңа әдіс енгізілді. Бүгінде облыстың 500-ден астам тұрғыны осы әдіс арқылы МӘМС жүйесінің қатысушылары атанды.

«Сақтандырылған» мәртебесіне ие болу үшін соңғы 12 ай көлемінде медициналық сақтандыру жарналары бойынша берешек болмауы қажет еді. Егер болса, оны өтеп барып қана МӘМС қызметін алатын еді. Қыркүйек айынан бастап енгізілген өзгеріс өткен кезеңдердің қарызын өтемей-ақ қажетті мәртебеге ие болуға мүмкіндік береді. Ол үшін дербес төлеушілер жарнасын алдын ала бір жылға бірден төлеуі қажет. Төлемнің бұл түрін таңдағандар бір айға ғана емес, бүкіл төленген кезеңде «сақтандырылған» мәртебесін алады.

– Қарағанды облысы бойынша қазіргі уақытта сақтандырылмаған, яғни бір немесе одан да көп ай берешегі бар 160 мыңға жуық дербес төлеуші тіркелген. Жыл соңына дейін олар сақтандырылып, қаражатын үнемдей алады. Себебі, қазір олар биыл мөлшерлеме бойынша үш мың теңгеден 12 айға жарна салып, алдағы жыл бойы мәртебе ала алады. Бұл әсіресе, берешегі көп адамдарға тиімді, – дейді медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалының директоры Фазыл Копобаев.

Өз тілшімізден

Қымбат дәрі дертке дәру бола ма?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кенді аймақта да дәрі-дәрмек бағасының өсуі байқалады. Әсіресе, дене қызуына, қабыну мен бактерияға қарсы дәрілердің бағасы қымбаттаған.

Фармакологиялық әртүрлі топтарға жататын дәрі-дәрмекке тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі. Бөлшек саудадағы бағаға талдау жасау кезінде препараттардың басым бөлігі орташа есеппен 10%-ға жоғары.

– Күнделікті ішетін қан қысымының дәрісін аламын. Айына бір рет. Келген сайын бағасы 20-30 теңгеге өсіп тұрады. Тамақтың бағасы күн сайын өсуде. Азын- аулақ зейнетақы жетпейді, – дейді өзін Галина деп таныстырған әжей.

Шындығында, қала басындағы дәріханаларда дәрі бағасының өскендігі туралы жиі айтылады. Мәселені анықтау мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне хат жолдадық.

– Осы жылдың желтоқсан айының басындағы бағаларды талдау дәрілік заттардың жекелеген атаулары бойынша бағалардың өсуі мен төмендеуін көрсетті. Бөлшек сауда бағасы мен өндіруші бағасының өсуі, ұйымдастыру шығындары және қаржы нарығындағы өзгерістері дәрілік заттар бағасының құбылуына әкеп отыр, – дейді аталмыш департамент басшысы Ольга Смирнова.

Сонымен қатар, дәрілік заттардың бағасын көтерме және бөлшек сауда да жылына екі рет мемлекеттік реттеумен шекті бағаларды белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Ол 2021 жылдың 27 тамызындағы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілген. Биыл дәрілік заттарға бекітілген шекті бағалардан асып кеткендігі туралы фактілердің тіркелмегендігін де жеткізді.

Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса дәріге тәуелдіміз. Дәрі – денсаулығымыздың кепілі. Дұрыс тамақтанудан гөрі, уақытпен санасып дәрі ішуді қажеттілікке айналдырдық. Тапқан табысымыздың қомақты қаражаты да дәріге кетеді. Вирус күшейген тұста, дәрі бағасы да шарықтай түседі.

Департамент мәліметінше, Польша елінде өндірілетін «Ибуфен-ультра» дәрісінің (200 мг) орташа бағасы III тоқсанда 761,25 теңге болса, желтоқсан айының басында 819 теңге болған. Өсім – 7,05%. Шекті баға – 1194,25 теңге. Үндістанда өндірілетін инъекцияға ерітінді дайындауға арналған ұнтақ «Цефис» (1 г) препаратының бағасы III тоқсанда 4218 теңге, желтоқсан айының басында 4440 теңге. Өсім – 5%. Шекті баға – 6914,46 теңге. Бұл – тек екі түрлі дәрінің бағасы. Шекті бағаны ескере отырып, бірнеше дәріхананың сайтындағы бағасын да байқадық. «Ибуфен» 1030-1050 теңге аралығында, «Цефис» – 4440 теңге, яғни мониторинг бағасымен сәйкес келді. Дегенмен, шекті бағаны ескеретін болсақ, алдағы уақытта жеті мың теңгеге өсуге мүмкіндік бар.

– Қазір тұмау өршіп тұр. Отбасымызбен ауырдық. Ауылда дәріхана жоқ, дәрілерді аудан орталығынан алғызамыз. «Парацетамол», «Мукалтин», «Терафлю» секілді дәрілерді 4000 теңгеге алдырдым. Дәрінің бағасы қымбаттап кетіпті. Ауырған соң еріксіз ішеміз. Бағасына да қарап жатқан жоқпыз,– дейді қарқаралылық Назира Кәдірбек.

Маусымдық сырқаттану көрсеткішіне орай ЖРВИ-ға байланысты вирус пен бактерияға қарсы препараттармен, қызуды басатын дәрілерде бағаның қатты өскендігі байқалмайды.

Аймақтағы дәрі бағасын тұрақты ұстау, белгіленген шекті бағадан асырмау үшін департамент дәрілік заттар мен бұйымдарды босататын субъектілермен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қояды. Аталмыш құжат шеңберінде департамент дәрілік заттардың 250 түріне мониторинг жүргізеді.

Дәріге қажеттілік жойылмайды. Дәрі таңдауда сауат та аз. Мәселен, басы ауыратын адамның қалтасында бірнеше түрлі дәрі жүреді. Біреуін ішіп, ауырғаны басылмаса, екіншісін ішеді, әрі қарай үшіншісі дегендей кете береді. Бұл сорақылық денсаулығына зиян екенін, басын емдеп, басқа ағзасын улап жатқанына да мән бермейді. Дәрігерге барып емделгеннен гөрі, көрші-қолаң, тамыр-таныстың нұсқауымен ем қабылдап, сан соғып қалып жатады. Мәселен, жылына 1000-нан астам адам дәрілік препараттардан уланады екен. Сондай-ақ, адамдарда арзан дәрілерде сапа жоқ, қымбат дәрілердің қуаты мықты деген түсінік қалыптасқан. Мүмкін осындай сауатсыз талғаудың дәрі бағасына да әсері болса керек.

Қазіргі уақытта аймақта 488 дәріхана, 27 жеке дәріхана қоймасы жұмыс жасайды. Олардың қорында 1 015 267 дана қызуды басатын, 103 904 дана вирусқа арналған, 321 908 дана бактерияға қарсы, 71 224 дана антикоагулянт, антиагрегант, 14 690 дана гормональді дәрі-дәрмек пен 798 023 дана медициналық маска бар.

Сырқат. Дәрі. Баға. Осы үштікке шырмалып жүргенде, денсаулықтың қадірін кетірмесек игі. Дәрі бағасы қымбат деп шырылдап жүргенде сапасын санадан шығарып алмасақ болғаны.

● МІНБЕР

Көптің көкейіндегі мәселелер қаралды

Қарағанды облыстық мәслихатында бес тұрақты комиссия жұмыс жасайды. Соның бірі – әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссия. Ол халықтың әлеуметтік жағдайын бағамдап, облыстағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселесін жоспарлы түрде қарайды. Сол қызметтердің дұрыс көрсетілуін зерделейді. Осы мақсатта комиссия мүшелері арнайы жұмыс топтарын құрып, өңірдің қала, аудандарын аралап та шығады. Депутат – халық өкілі болғандықтан, ел арасындағы барлық мәселенің жай-күйін біліп, оны оңтайлы шешудің мүмкіндіктерін қарастыруы керек.

Депутат жұмысы жан-жақты

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссия өз жұмысында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын, облыстық мәслихаттың регламентін, сонымен бірге, жылдық жоспарды негізге алады.

Біздің комиссия облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама, білім, денсаулық сақтау, денешынықтыру және спорт, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, ішкі саясат, жастар саясаты, тілдерді дамыту, дін істері жөніндегі басқармалармен, сондай-ақ, еңбек инспекциясымен бірлесіп жұмыс жасайды. Биылғы жылы комиссия 15 отырыс өткізіп, 26 мәселе қарастырды. Оның барлығы халықтың әлеуметтік мәселелеріне қатысты.

Мәселен, жыл басында коронавирустың өршуі, облыстағы эпидемиологиялық ахуал мен оған қатысты қабылданған шараларды айтуға болады. Бұл уақытта депутаттар медициналық жоғары оқу орындарында санитариялық-эпидемиологиялық бағыттағы кадрларды даярлауды қайта қарау, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі мамандарының еңбекақысын арттыру, материалдық-техникалық базасын жаңарту, цифрландыру сынды мәселелерді денсаулық сақтау басқармасы және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне, Денсаулық сақтау министрлігіне ұсыныс ретінде жолдау үшін көтерді.

Денсаулық, білім, әлеуметтік сала – негізгі бағыт

Облыстық мәслихат депутаттары денсаулық сақтау жүйесіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудегі кемшіліктерді және білім беру, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар жүйесінде проблемалық мәселелердің бар екенін анықтады. Осы мәселелерге арнайы өткізілген сессияда тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеу және материалдық-техникалық базаны нығайтуға, облыстағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін денсаулық сақтау нысандарында тамақтануды қамтамасыз етуге арналған шығындарды қаржыландыру мәселелері бойынша нақты ұсыныстар енгізу туралы шешім қабылданды.

Медициналық қызмет көрсетудің сапасы, ана мен бала өлімінің өсуі сынды өзекті мәселелерді депутаттар үнемі көтереді. Дені сау ұлтты қалыптастыру үшін салауатты өмір салты, аурудың алдын алу мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Комиссия төрағасымен бірге комиссия мүшелері А.Түкбай, А.Тұрмұхамбетова, К.Біржанов облыстың бірқатар емханалары мен аудандық ауруханаларын аралады. Нәтижесінде медициналық ұйымдарда салауатты өмір салты орталықтары жабылғаны белгілі болды. Оларда жұмыс істеген мамандар жұмыссыз қалған, ал, заманауи құрал-жабдықтары жекеменшік қолға су тегін өтіп кеткен. Осы уақытқа дейін бұл бағыттта жұмыстар жүргізілсе де, нәтижесі көзге көрінбейді. Сондықтан, тұрақты комиссия бұл мәселенің министрлік деңгейінде шешілуі үшін денсаулық сақтау басқармасына ұсыныс жолдады. Комиссия төрағасы ретінде Парламент депутаты Г.Бижановаға депутаттық сауал жолдадым. Келген жауапта тиісті көрсетілген мәселе бойынша анализ жасалатыны және министрлік бюджет қаражатының 60%-ын осы бағытты жүзеге асыру үшін өңірлерге жіберетіні айтылған.

Балаларға арналған паллиативтік көмек орталықтарын ашу, балалар санаторийлерін қаржыландыру тәсілдерін қайта қарау, Қарағанды қаласындағы облыстық балалар санаторийі мен «Үміт» оңалту орталығының емдеу корпусына күрделі жөндеуді жалғастыруға және аумағын абаттандыруға қаражат бөлу мүмкіндігі қарастырылды. Теміртау және Балқаш қалаларындағы облыстық балалар санаторийі филиалдарының ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізуге жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге қаражат бөлу мәселесі де қаралды.

Сапалы және тиімді білім беруді ұйымдастыру мәселелері, мектептер мен колледждерде патриоттық тәрбие беру, білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ балалардың жай-күйі мен жазғы демалысын ұйымдастыру депутаттардың тұрақты бақылауында. Мұның барлығы жай сөз емес, депутаттардың нақты қарағанын, арнайы зерттегенін айту керек. Осы мақсатта олар аудандар мен қалаларға, сондай-ақ «Алау» және «Жас қанат» жазғы лагерьлеріне барып, осы мекемелердің басшыларымен және мұғалімдерімен, оқушылардың ата-аналарымен кездесті. Онда анықталған мәселелер бюджетті нақтылау кезінде шешілді.

Балалардың жазғы демалысының ұйымдастыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, тарихи және мәдени мұраны сақтау, халықтың тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дамытуға жәрдемдесу бойынша өткізілетін іс-шаралардың сапасы мен тиімділігі де тұрақты комиссияның назарында.

Білім бағытында шешімін күтетін мәселенің тағы бірі – арнаулы білім беру ұйымдарында арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін бейінді мамандармен қамтамасыз ету. Аталған білім беру ұйымдары тиісті жоспар жасауы тиіс.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы шеңберінде Қарағанды облысының «Белсенді ұзақ өмір сүру» арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына мобильділігі төмен қызмет алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін сыртқы шахта көтергішін орнатуға және аумақты абаттандыруға қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыру тапсырылды.

NEET жастарына қолдау керек

Ел Президентінің жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендету жөніндегі тапсырмалары аясында NEET жастарының жұмысқа орналастыру – біз көтерген мәселенің бірі. Елдегі жұмыссыздық деңгейін, оның ішінде, NEET жастарын қоса алғанда жастар арасындағы деңгейді есептеу әдістемесін қайта қарау мәселесін Парламент Мәжілісі деңгейінде қарастыруға бастама болу ұсынылды. Сонымен қатар, аудандар мен қалалар деңгейінде аталған жастардың жеке тізімін жасау қажеттілігі айтылды. Бұл топтық немесе жеке көмек түрінде нақты жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Бұл комиссия қараған жұмыстардың бір парасы ғана. Бұл ретте облыс тұрғындары көтерген өзге де мәселелер де назардан тыс қалмайтынын айтқым келеді. Ол жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде ауылдағы қосымша білім беру мен бұқаралық спорттың жай-күйі мен дамуы, қала және ауылдық елді мекендердегі балалар аула клубтары мен спорт алаңдары жұмысының тиімділігі, облыстағы құқық бұзушылықтардың, балалар мен жастар қылмыстарының алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, волонтерлік қызметті дамыту және қолдау шаралары тәрізді мәселелер.

Депутаттық фракция жетекшісі ретінде мен фракцияның 9 жиынын өткіздім. 22 қаулы қабылданып, 96 ұсыныс жасалды. Оның 82%-ы, яғни, 79-ы орындалды. Қалған 17-сі ұзақмерзімді бақылауда.

Қ.ОСПАНОВА,
әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы, «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының жетекшісі

● ДЕПУТАТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Билік пен бұқара арасындағы көпір

Билік пен бұқара арасында алтын көпірге айналған бірден-бір ұйым – мәслихат. Өзінің отыз жылға жуық тарихында жергілікті мәслихаттар қордалы мәселелердің шешілуіне мұрындық бола білді. Жалпы, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында ықпалы зор. Халықтың қалауын білдіріп, сол арқылы тіршілік түйіндерінің тарқатылуына түртті болған мәслихат депутаттары сайлаушыларының өтініш-пікір, тілегін ұдайы назарда ұстайды. Осы орайда тұрақты кездесулер, өтініштер мен арыздардың аяқсыз қалмауы – халық қалаулыларының бақылауында. Ел ішінде жүріп, халықпен етене араласатын депутаттар мәселенің мән-жайын жақсы біледі.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл туралы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та халыққа Жолдауында атап өткен болатын. Онда Қасым-Жомарт Кемелұлы мәслихаттардың ықпалын ерекше атаған еді.

«Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады» деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында.

Мәселен, облыс мәслихатының депутаттары сайлаушылармен жүздесу арқылы бұқараны алаңдатқан жайтқа қанық. Халықтың тілегін де билікке жеткізіп, оның тиянақты орындалуына да мүдделі.

Бұл бағытта биыл депутаттардың сайлаушылармен жұмысы онлайн режимде де жалғасты. Азаматтардың өтініштері қаралды. Әр депутат өз құзыреті шегінде проблеманың шешілуіне жәрдем көрсетті. Мемлекеттік органдарға түрлі мәселелер бойынша ресми сұраныстар мен өтініштерді жіберді.

Облыстық мәслихат ұсынған деректерге сүйенсек, биыл 422 өтініш қаралған екен. Сонымен қатар, түрлі ұйымдарға туындаған сұрақтар негізінде 314 сұраныс жіберілген. Ал, түскен шағым мен жолданған сұраныстардың басым бөлігі оң шешілді.

Бұдан бөлек, халық қалаулылары сайлаушылармен 474 кездесу өткізіп, жеке қабылдаулар жүргізді. Оның ішінде, 494 азамат онлайн қабылданды. 10 депутат күні өткізілді.

Бұқараны алаңдатқан мәселелер қатарында көлік жолдарын жөндеу, экология, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, білім беру, жұмыспен қамту бар. Медициналық көмекке мұқтаждық, жолаушылар тасымалы да бұқара шешімін күткен жайттар.

«Сайлаушылармен қарым-қатынас практикасы азаматтарды және облыстық мәслихат хатшысын, оның ішінде, «AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінде жеке қабылдауды да қамтиды. Биыл мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен 6 жеке қабылдауда 14 өтініш білдірген азаматтың проблемалары зерделенді, 7 азаматқа көмек көрсетілді, 5 мәселе бақылауда, 2 мәселе бойынша тиісті түсініктемелер берілді», – дейді облыстық мәслихаттың баспасөз қызметі.

Жалпы, мәслихаттар бүгінде белгілі бір саяси және әлеуметтік шешімдерді қабылдауда қоғамдық өмірдің тиімді құрамдас бөлігіне айналғаны белгілі. Жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың әлеуметтік белсенділігі арқылы барлық жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге мүмкіндік бергенін де атап өткен ләзім.

● ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Өнеркәсіпті дамыту – өзекті тақырып

Туризм инфрақұрылымын дамыту, жеңіл өнеркәсіпті өркендету мәселелері – халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруде маңызды жұмыс бағыты санатында. Осы және құрылыс материалдарын өндіру, машина жасау проблемалары депутат Серғазы Әдекеновтің төрағалығымен өткен отырыста жан-жақты талқыланды.

Депутаттық корпус туристік объектілерді қаржыландыру жұмыстарын жандандыру, жол инфрақұрылымын жақсарту, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын, сондай-ақ, «AMANAT» партиясының Жол картасын орындау шеңберіндегі жобаларды іске асыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, отандық тауар өндірушілерді қолдау және тағы басқа мәселелерді қарастырды.

Отырыста аталған мәселелер бойынша уәкілетті органдар ақпарат берді.

Жиын қорытындысында облыстың кәсіпкерлік басқармасына – туризм инфрақұрылымын дамыту, облыстың өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасына – жеңіл өнеркәсіпті, құрылыс материалдарын өндіруді, машина жасауды дамыту бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылды.

Сондай-ақ, отырыс барысында бейіндік комиссияның биылғы жұмысының қорытындысы шығарылып, келесі жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

Өз тілшімізден

● КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА

Жайлы орта – ортақ мүдде

Қоршаған ортаның жағдайы, елді мекендерді абаттандыру және қоғамдық көліктің жай-күйі – облыстық мәслихат депутаттарының тұрақты назарында. Жақында депутат Талғат Өтеубаев төрағалық еткен отырыста қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру, облыс қалалары мен аудан орталықтарының көшелерін жарықтандыру, қоғамдық көлікті дамыту перспективалары қаралды.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Депутаттық корпус табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының 2022-2024 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде биыл атқарған жұмысын талқылады.

Депутаттар Б.Досжанов, Қ.Біржанов, Қ.Оспанова, М.Махатчина, О.Нұрқазов, Т.Өтеубаев бірнеше мәселе көтерді. Нақты айтқанда, қоғамдық көлікте газ талдағыштарды орнату және есепке алу, облыс аумағында орман үлесін ұлғайту, Майқұдық және Пришахтинск көшелерін жарықтандыру, маршруттық автобустарды уақытылы сатып алу, автобус жүргізушілерінің еңбек өтілін міндетті түрде назарға алу, электронды төлем жүйесімен қамтамасыз ету жобасын іске асыру, жолаушылар тасымалын субсидиялау және тағы басқа тақырыптарды қаузады.

Құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссия қоғамдық көліктің жай-күйі мен даму перспективаларын талдады.

Қарағандыдағы қоғамдық көліктегі жүктемені жеңілдету үшін №№65, 44, 42, 8, 118э, 146 бағыттардағы автобустарды көбейту қажеттігі айтылды.

Уәкілетті органның ақпаратына сәйкес, қазіргі уақытта №146 маршрутта 18 автобус жолаушылар тасымалын жүзеге асырады. Автобустардың қозғалыс аралығы – 15-20 минут.

Шахтер шағын ауданында жолаушылар тасымалдауды №8 қалалық маршрут жүзеге асырады. Осы қыркүйектен бастап екінші автобус қатарға қосылып, қозғалыс аралығы 30 минутқа дейін қысқарды.

Биылғы желтоқсанда №44 маршрутта автобустар санын көбейту бойынша келіссөздер жүргізілді. Нәтижесінде, қараша айынан бері маршрут екі автобуспен қайта жанданды.

№118э маршрут – экспресс маршрут. Сондықтан, Майқұдық, қаланың орталығы және Оңтүстік-Шығыстағы кейбір аялдамалар қозғалыс сызбасына кірмей отыр.

Жауапты органдардың ақпаратын назарға алған депутаттар отырыс соңында мәселелерді Қарағанды облыстық мәслихатының тұрақты комиссиялары бірлескен отырысының қарауына енгізді. Сондай-ақ, облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасына – облыстың қалалары мен аудандарында көше жарықтандыруын жаңғырту, облыстың жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары басқармасына қоғамдық көлікті дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру ұсынылды.

● ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНЕ – 85 ЖЫЛ

Өлке тарихының алтын сандығы

2022 жыл – Қарағанды облысының мемлекеттік архиві үшін мерейтойлық жыл. 1937 жылғы 19 желтоқсанда Қарағанды қалалық атқару комитеті Президиумының «Қарағанды мемлекеттік архив басқармасын ұйымдастыру және облыстық, аудандық мекемелердің, кәсіпорындардың, колхоздардың, МТС совхоздарының және ауылсоветтердің архив материалдарын ретке келтіру туралы» қаулысы қабылданғаннан бері 85 жыл өтті.

85 жыл бойы архившілер өздерінің басты қызметі – Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын құруға, оны сақтауға және қоғамның даму мүддесінде жан-жақты пайдалану ісімен шұғылданып келеді.

Қазіргі таңда Қарағанды облысының мемлекеттік архивінде Қарағанды облысының экономикасы мен мәдениетінің жай-күйі, әлеуметтік-құқықтық және экономикалық дамуы туралы құнды ақпараты бар жазба және электронды нұсқада 800 000-ға жуық құжат сақталуда.

Мекемелер мен кәсіпорындардың құжаттарымен қатар Қарағанды облысының көрнекті қоғам және саясат, мәдениет қайраткерлерінің, жазушылардың, ғалымдардың, спортшылардың, Ұлы Отан соғысына, Ауған соғысына қатысушылардың, алғашқы құрылысшылардың және т. б. 100-ге жуық жекеленген қор сақталған.

Қоғамдық сананы қайта құру, дәстүрлі құндылықтардың оралуы тарихи процесті шынайы дерек арқылы тануға көмектесетін архив құжаттарына деген қызығушылықты айтарлықтай арттырды. Мұның бәрі мемлекеттік архивтің тек құжаттар қоймасы ретінде ғана емес, мәдени-ағартушы, патриоттық және адамгершілік қасиетті нығайтатын орталық ретінде маңызының артуына ықпал етті.

Архив құжаттарына қол жеткізуді теңдестіру, оларды құпиясыздандыру, өлкетануды жаңғырту Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарында Қарағанды облысының мемлекеттік архивінің оқу залына келетін зерттеушілер санының артуына себеп болды. Ғалымдар, өлкетанушылар, зерттеушілер ғылыми еңбектер жазу үшін қажетті ғылыми-тарихи және дереккөздік-археографиялық базаны құра бастады.

Зерттеушілер қатарында кәсіби тарихшылар, өлкетанушылар, студенттер мен оқушылар басым, сондай-ақ облыстың түрлі мекемелерінің өкілдері де кездеседі. Архивтің оқу залында отандық зерттеушілерден басқа жақын және алыс шетелдік ізденушілері де жұмыс істейді. Айта кету керек, шетелдік зерттеушілер Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды жиі зерттейді. Мемлекеттік архивте Америка және Канада ғалымдары «индустриалды Қазақстанның, Байқоңыр ғарыш айлағының, тау-кен өнеркәсібінің, ғылыми-өндірістік кәсіпорындардың даму тарихы, елді мекендердің, қала құраушы кәсіпорындардың тарихы» тақырыбы бойынша, Франциядан келген ғалым Қазақстандағы табиғи қауіп және апаттар тарихы бойынша архивтік құжаттармен жұмыс істеді. Финляндияның Ұлттық архиві профессорының міндетіне Қарағанды облысының мемлекеттік архивінде сақталатын және Финляндия тарихына қатысы бар құжаттарды анықтау және іріктеу кірді. Жапония, Румыния, Италия зерттеушілері әскери тұтқындардың тағдыры туралы құжаттарға қызығушылық танытты. Германия мен Украинаның діни қызметкерлері діни ағымдардың тарихы туралы архивтік құжаттарды жинады. Докторлық диссертациялар жазу барысында Польша, Германия және Шешенстан ғалымдары Қарағанды облысындағы қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың тарихы жайлы архив құжаттарын пайдаланды.

СУРЕТТЕ: архив қызметкері **Жеңіс Райсов**

СУРЕТТЕ: архив қызметкерлері **Әлия Омарханова** мен **Әсел Жалғасбекқызы**

Қазіргі таңда Қарағанды қаласының ЖОО, колледж студенттері мен мектеп оқушылары үшін «Архив және болашақ ұрпақ» республикалық жобасы аясында Ашық есік күнін өткізу архивтік құжаттарды пайдалануды ұйымдастырудың өзекті нысаны болып табылады.

Соңғы уақытта зерттеушілерге, мұрағат мекемелерінің мамандарына ғылыми, өлкетану және өзге де мақсаттарда ақпаратты жедел іздестіруде және пайдалануда, сондай-ақ әлеуметтік-құқықтық және тақырыптық сипаттағы сұраныстарды орындау үшін 1936-2011 жылдары Қарағанды облысының әкімшілік-аумақтық құрылысы бойынша, Қарағанды облысының колхоздары мен совхоздарының тарихы бойынша, денсаулық сақтау және білім беру мекемелерінің тарихы бойынша, Қарағанды қаласының көшелері бойынша анықтамалықтар дайындалды; Қарағанды облысындағы арнайы қоныс аударушылар туралы, қарағандылықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, халық ағарту тарихы туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру, XX ғасырдың жастар қозғалысы, Қарағанды облысы конфессияларының тарихы, Қазақстан Халқының Кіші Ассамблеясының құрылу тарихы туралы және т.б. құжаттар мен материалдар жинақтары жарық көрді.

Мемлекеттік архивтің ақпараттық қызметінің нысандарының бірі – жеке және заңды тұлғалардың заңды құжаттар мәртебесі бар, қазақстандық және шетелдік азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында архив құжаттары бойынша орындалған архивтік анықтамалар, архивтік үзінді көшірмелер, архивтік көшірмелер түріндегі сұрау салуларын орындау болып табылады.

Қазіргі қоғам құжаттамалық қамтамасыз етуді реттеуге, электрондық құжат айналымын енгізу мәселелерін шешуге архив қызметінің көбірек қатысуын талап етеді.

Архив құжаттарын пайдалану саласында ақпараттық-технологиялар маңызды рөл атқарады. Қазір бұл басым бағыт болып табылады, соның арқасында Қарағанды облысының мемлекеттік архивінде жаңа IT технологиялар енгізілуде. Архивтің бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру үшін қағаз және аудиовизуалды ақпарат құралдарында сақтау бірліктерінің әр түрін цифрландыру арқылы бірыңғай деректер базасы құрылады. Архив ісінде ақпараттық технологияларды қолдану әртараптандырылуда, олар архив жұмысының барлық бағыттарына біртіндеп еніп, күнделікті архив өмірінің ажырамас бөлігіне айналуда.

Өткенге көз жүгіртсек, Қарағанды облыстық архив қызметінің қалыптасу кезеңі мен тарихи байлықты ғана емес, тарихи ақиқатты сақтау жолында өз жұмысын асқан ынта-ықыласпен атқарып, ондаған жылдар бойы өте күрделі, кейде тіпті мүмкін емес міндеттерді шешкен, аса қиын кезеңде архив ісіне адал болған Қарағанды облысының архив қызметінің бірінші басшылары И.О.Мознаим, С.Ниязбеков, Д.Смаилов, Ф.П.Гордиенко, Т.Жолшорин сияқты азаматтардың еңбегі орасан зор. Қарағанды облысының архив қызметін кешенді қайта құруды бастаған облыстық мемлекеттік архив директоры А.Ф.Кутищева, сондай-ақ Н.Әділов, С.Рахымбеков, Т.И.Толмасова, А.В.Ефременко, А.Д.Волкова, М.О.Қадыртаева, Л.А.Мандлер, В.М.Логушкина, Л.Х.Колоскова, М.Ф.Назарова, М.И.Доронина және басқа да қызметкерлер өзіне бекітілген учаскедегі ең құнды құжат дереккөздерін жинау және сақтау үшін барлық күш-жігерін жұмсаған архив ісі саласының майталмандары екенін айта кету керек.

Архив – тарихтың қайнар көзі, өткеніне үңілдіріп, санаға жарық саңылау сыйлар тарихи құнды құжаттар ордасы. Тарихқа үңілетін болсақ, алғашқы архив қоры сонау Бөкей ордасында Жәңгір ханның заманында құрылған. Бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Жылыстап аққан жылдар жетегінде түрлі оқиғалар мен атқарылған істер жайлы естелік-қолжазбалар жинақтала келіп, бірегей архив құжаттарында сақталады.

Осыған орай Қарағанды облысының Мемлекеттік архивінің көмір саласының жеке құрам бойынша филиалы мұрағаттар және құжаттама бөлімінің бұйрығымен 2001 жылдың 1 қаңтарында құрылды. Филиалдың архив қорында Қарағандыкөмір өндірістік бірлестігінің ұйымдары мен кәсіпорындарының, сондай-ақ Костенко, Горбачев, Күзембаев, Байжанов, Қазан төңкерісінің 50 жылдығы атындағы шахталар, Стахановская, Майқұдық, Қарағанды шахталарының, «Спецшахтамонтаж» басқармаларының жеке құрамы бойынша құжаттар сақталуда. Олар Қарағанды көмір бассейнінің қалыптасуы мен даму тарихын бейнелейді.

Қазіргі таңда архивист мамандығы ерекше орын алады. Архив қызметкерлерінің жұмысы қоғамдағы жаңалықтармен тығыз байланысты, онсыз тарихи шындықты анықтау, объективті тарих құру мүмкін емес. «Архивші – мамандық емес, адам бойындағы қабілет» деген сөз бар. Дәл осы көрсеткіш архив қызметкерлерінің өз ісіне деген адалдығын анықтайды.

Алмас ТӘЖІҒҰЛОВ,
Қарағанды облысы
Мемлекеттік архивінің
басшысы

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

● ЕҢБЕК АДАМЫ

Жылжымалы шаштараз

Қарағандылық Амандос Айдосұлы ерекше шаштараз ашты. Ерекшелігі – шашын алдыртуға оған емес, шаш алып беруге өзі барады. Ол ашқан әлеуметтік жылжымалы шаштараз қарттарға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қызмет көрсетеді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Амандос Айдосұлының айтуынша, шаш алатын арнайы бөлмесі де бар. Оны ол Zhas Project жобасында алған грантымен ашқан. Дегенмен, мүмкіндігі шектеулі жандарға, қарттар мен балалар үйіне өзі барады. Мұндай идея оған құтқарушы болып жұмыс істеген кезде келген.

– Біз қарттар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар немесе мүгедектігі бар адамдар тұратын отбасыларға шақырту бойынша жиі баратынбыз. Мен олардың көпшілігінің шашы өсіп кеткенін жиі байқайтынмын. Осындай шаштараз ашу идеясы сол кезде пайда болды, – деді Амандос.

Осы идеяны жүзеге асыру үшін Амандос Айдосұлы шаштараз кәсібін үйренді. Содан кейін бизнес-жоспар құрып, Zhas Project гранттар байқауына қатысуға өтініш береді. Ерекше бизнес идея аталған байқауда қабылданып, 1 миллион теңгеге ие болды.

– Осы қаражатқа жалға бөлме алдым, – дейді ол, – орындық, шкафы бар айна, қол жуғыш, арнайы қайшылар, триммерлер, шаш кептіргіш және басқа да керек-жарақтар сатып алдым. Қазірдің өзінде жүзден астам адамға қызмет көрсеттім. Әлеуметтік осал топтарға жататын жандар түрлі себептерге байланысты шаштаразға уақытылы бара алмайды. Сондықтан, оларға сәл де болса, көмектескім келді. Болашақта әлеуметтік шаштараздар желісін құруды армандаймын.

Игі бастаманың тұрақты тұтынушылары да бар. Амандос әзірге тегін жұмыс істеп жатыр. Алдағы уақытта қолжетімді бағамен қызмет көрсетуге ниетті.

Zhas Project жобасы әлеуметтік осал топтардан шыққан, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын жастарды өз елді мекенін әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамытуға, жұмыспен қамтуға тарту, сондай-ақ жастардың бизнес-идеяларын жергілікті жерлерде қолдауға бағытталған. Аймақта аталған жоба аясында биыл 63 грант берілді.

● ТҰСАУКЕСЕР

Төл белгі – Тәуелсіздік нышаны

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Қарағандыда «Қазақ халқының мұрасы» кітаптар сериясының Qazaq club бастамасымен «Тәуелсіздік белгісінің» тұсаукесері өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл көпшілікке ұсынылған «Тәуелсіздік белгісі» осыған дейін 2020 жылы жарық көрген «Тәуелсіздік лентасының» негізінде жасалды. Аталған төсбелгінің ортасында Қазақстан Республикасының қазіргі жер аумағын бейнелейтін карта сызылған. Сонымен қатар, Қазақстан аумағын біздің жыл санауымызға дейін 5-4 ғасырларда мекен еткен сақтардың Есік қорғанынан табылған Алтын адамы бейнеленген. Бұл қазақ тарихының сақтар заманымен байланысты екенін білдіреді. Бұдан кейін белгіде ғұндар мемлекетінің негізін қалаған Мөде қаған және ғұн мемлекеттілігінің шаңырағы көтерілген б.з.д 209 жыл көрініс тапқан.

«Тәуелсіздік белгісіндегі» келесі айтулы мерзім 552 жыл, яғни, Түркі қағанаты құрылған жыл және оның символы Бөрілі байрақ бейнеленген. Сонымен қатар, Қазақ хандығының шаңырағы көтерілген 1465 жыл мен Керей мен Жәнібек хандар салынған. Тәуелсіздік белгісіндегі келесі көрнекті тұлға үш жүздің басын қосқан Абылай хан мен ол сайланған 1771 жыл, ұлтымыздың Тәуелсіздігі үшін күресіп өткен және Кенесары Қасымұлы хан атанған 1841 жыл және Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған Алашорда Үкіметі құрылған 1917 жыл да бейнеленген. «Тәуелсіздік белгісінің» жоғарғы жағында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі жарияланған 1991 жыл көрініс тапқан. Ал, көтеріліп келе жатқан күн қазақ халқы үшін жаңа дәуірдің келгенін, ал ашылып тұрған кітап еліміздің болашағы ғылым-білімде жатқандығын меңзейді. Тәуелсіздік белгісінің өн бойындағы ұлттық ою-өрнек біздің ұлттық мәдениетіміз бен болмысымызды әруақытта көздің қарашығындай сақтауға үндейді. Ел игілігіне бағытталған бұл жобаны қаржыландырған «Qazaq club».

Белгіні жасаған мамандар «Тәуелсіздік белгісі» кеуденің сол жағына жүрек тұсына тағылатынын айтады. Бұл белгіні тағып жүру – әрбір азамат үшін үлкен жа- уапкершілік екенін есте сақтау керек дейді ұйымдастырушылар. Белгінің иегері онда бейнеленген ұлы тұлғалардың жолын жалғастыруға, сақтауға, оны жас ұрпаққа насихаттауға атсалысуға мүмкіндігі келгенше тырысуы керек. «Тәуелсіздік белгісі» Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері күндері, салтанатты шараларда тағуға арналған. Сондай-ақ, белгіні ел тарихына құрмет білдіру мақсатында күнделікті тағуға да болады.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жол сапасын жүрген білер

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Адам үйінен қырық қадам шыққаннан кейін кіріптар болады», «Жол азабын жүрген біледі» дейді дана халқымыз.

Абай ауданындағы жол сапасы мен күтіміне жауап беретін, жолаушылардың діттеген жеріне еш қиналмай жетуін қамтамасыз ету үшін қысы-жазы тыным таппай жұмыс істейтін кәсіпорын – «Қазавтожол» ЖШС Қарағанды облыстық филиалының 42-ші жол пайдалану бөлімі.

Кәсіпорынды «Жас келсе – іске» демекші, осы салада ысылған маман, іскер азамат Нұргелді Сейфулғазин басқарады. Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде туып-өсіп, орта мектепті бітірісімен алғаш еңбек жолын жүргізушіліктен бастап, 2010 жылы Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы техникалық университетінің көлік техникасы мен технологиясы факультетін ойдағыдай бітіреді. Жас маман осы жол пайдалану кәсіпорнында екі жыл жол шебері, екі жыл механик болып істеп, 2015-2017 жылдары Нұра ауданының 48-ші жол пайдалану бөлімінің басшысы қызметін атқарды. Енді Топар кентінде орналасқан осынау кәсіпорынның тізгінін қолға алды.

42-ші жол пайдалану бөлімінің қызмет көрсету аймағына республикалық маңызы бар Қызылорда – Павлодар бағыты бойынша асфальт жолдың 172 шақырымы кіреді. Жыл басталғаннан бері осы жолдың бетіне 670 тонна көктайғаққа қарсы құм қиыршығы, 142,51 тонна тұз араласқан қиыршық себілген. Сондай-ақ, жаз мезгілінде екі айға арналған кешенді-мақсатты бағдарламаны жүзеге асыру барысында жолдың 24 961 шаршы метр болатын ой-шұңқыры бітеліп, 172 шаршы метр жолдың беткі қабаты тегістелді. Сол сияқты автопавильондардың тиісінше 20-сы әктеліп, сырланған. 93 дана жол белгілері, 6 дана панно, 170 дана дабылдық бағаналар, 40 дана шақырымдық белгілер орнатылды. Жол жиегіндегі ойпаңдар тегістеліп, шөп, бұталары оталып, жоласты су өткізгіштері тазаланыпты. Биылғы атқарылған шаралардың ең бастысы жолдың 912-ші шақырымында, яғни Қарабас кентінің ішімен өтетін жолдың бетіне жаяу жүргіншілер үшін түнде жанатын проекциялық жолақтың салынуы. Жалпы кәсіпорын ұжымы биылғы 11 айда 382 миллион 475 мың 700 теңгенің жұмысын тындырған.

Бізге осы атқарған істері жайлы баяндаған Нұргелді Көшімханұлы:

– Қылышын сүйретіп жеткен осы қысқа да, алдағы жылға да қапысыз, сақадай сай дайындалдық. Біздегі 46 адамның әрқайсысы өз міндетін жақсы біледі. Ал, қолдағы техникаларымыз қар тазалап, құм себетін 5 КДМ, 1 автогрейдер, 3 МТЗ тракторы, 1 жүк тиегішіміз тегіс әзір. Олардың 100 пайыз даярлығын бас механигіміз Мәди Қабаханов бастаған жүргізушілер Харият Еркебұлан, Оразбек Серіжан, автогрейдерші Сайран Рахымбергенов, механизатор Игорь Колодкин тағы да басқа жігіттер қамтамасыз етті.

Ал, жұмысқа қажетті асфальтті өз заводымыз шығарып, битум мен қиыршық құмды, тасты, әкті, қазандығымызға көмірді сырттан сатып аламыз. Қазіргі күнге дейін жоспарлы 930 текше метрдің орнына 1500 текше метр қиыршық тас пен құмды, 20 тоннаның орнына 29 тонна тұзды, 210 тонна көмірді жеткізіп, қоймаларға төгіп алдық.

Негізінен біздің жол бөлімі Абай, Шет, Бұқар жырау, Жаңаарқа аудандары аумағындағы жолдарға қызмет етіп, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, – дейді.

Расында да, өткен қыстың қарлы бораны мен қақаған аязында бұл бөлім қызметкерлері мен жұмысшылары қар құрсауынан жоғарыдағы жолдың 906-946 шақырымы аралығында 10 адамды, 906-774 шақырымында 8 көлікті қар құрсауынан шығарып, құтқарып қалған. Одан кейін қардың күрт еруіне байланысты Құлайғыр мен Южный ауылдары аралығындағы тас жолдың 889-899 шақырымында жолдың бетінен су жүріп кетіп, көлік қозғалысы уақытша тоқтатылған еді. Жол үстінен ағып жатқан судың деңгейі 40 сантиметрге дейін көтеріліп, ол 850 метрді қамтыған. Міне, табиғаттың осы тосын мінезіне тойтарыс беруге аталған бөлім ұжымы да білек сыбана кірісіп, аз уақытта көлік қозғалысын қалпына келтірді. Атап айтқанда, ағын су жолына қиыршық тас, құм төселіп, бөгеліп, тас жолдың су шайып кеткен жиектері жөнделіп, тегістеледі.

Енді биылғы қыс басталғалы да 845 шақырымда жолдан шығып кеткен 1 жүк автокөлігі мен 865 шақырымда 1 жеңіл көлікті сүйреп шығарып, аман-есен жолға салып жіберген.

● ҚҰРМЕТ

Желтоқсаншылармен жүздесу

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік күні қарсаңында, яғни 15 желтоқсанда Абай ауданының әкімі Бауыржан Асанов ауданда тұратын Желтоқсан оқиғасына қатысушылар мен аудан тұрғындарымен жылы жүздесу өткізді.

Аудан әкімдігінде өткен кездесуді кіріспе сөзбен ашқан Бауыржан Асанов:

– Егемендікті жақындатқан 1986 жылғы қазақ жастарының ерен ерлігі ұмыт қалмай, жас буынға дәріптеліп жатыр. Бүгінгі шара соның айғағы. Желтоқсан оқиғасы Қазақстанның Тәуелсіздікке жасаған алғашқы қадамы, тәуелсіздіктің бастауы ретінде бағаланады, – деді.

Басқосуға Желтоқсан оқиғасының куәгерлері, еңбек ардагерлері, баспасөз өкілдері мен студент жастар және мектеп оқушылары шақырылған екен. Бірінші болып сөйлеген Шәкәрім атындағы жалпы білім беретін мектеп мұғалімі Серік Мәгежұлы: – Желтоқсан оқиғасы кезінде біз – Моңғолиядан келген 9 студент Алматыдағы ҚазМУ-дың филология факультетінде оқып жүргенбіз. Шетелдік болып саналғанмен, бойымызда қазақтың қаны бар ғой, оқиға басталған күні біз де наразылық білдірген жастарға қосылып, алаңға бардық. Кешке қайтып келгенімізде деканымыз Зейнолла Қабдолов бізге басу айтып, сабырға шақырып, тоқтау салды. Соған қарамастан ертеңінде жатақхананың екінші қабатынан секіріп түсіп, алаңға барып, тағы да атойладық. Бейбіт шерудің арты қанды қырғынға ұласқанын көзімізбен көріп, үскірген суықта суға малшынып, жатақханамызға әрең жеттік. Содан кейін оқуымызды бітіріп, ұшақпен елге қайтып бара жатқанымызда, Алатаумен қол бұлғап, қоштасқан едік. Енді Тәуелсіздік алғаннан соң атажұртқа оралып, осы күнді де көріп отырғанымызға тәуба, – деді толғана.

Оқиғаның басқа да куәгерлері Гүлзия Қалышева, Нұрсұлу Баймухамбетовалар өздері куә болған жайтты баяндады. Бұдан кейін сөз кезегін алған еңбек ардагерлері Төребек Құтжанов, Аспандияр Сейсенов, «Хабар» агенттігінің облысымыздағы меншікті тілшісі Дәуренбек Бағдаулет, студент Абайболды Кәлім мерекелік тілегін білдірді.

Кездесу соңында Бауыржан Асанов аудандағы «Бас» компаниясының директоры Д.Чернашин мен аудандық Жұмыспен қамту орталығының директоры А.Сейфуллинаға облыс әкімінің Құрмет грамотасын, Желтоқсан оқиғасының куәгерлері С.Мәгежұлы, Н.Баймұхаметова, Г.Қалышеваға аудан әкімнің Алғыс хатын табыс етті.

Кездесу Тәттімбет атындағы халық аспаптар оркестрінің концертіне ұласты.

Абай ауданы

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Амбулатория – ел игілігіне

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқашқа қарасты Саяқ кентінде дәрігерлік амбулатория күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Медициналық ұйым Ащыөзек елді мекені сияқты жақын маңда тұратын екі мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсетеді.

Амбулаторияда емделушілер үшін қолайлы жағдай жасалып, медициналық қызметкерлердің ыңғайлы әрі сапалы қызмет көрсетуіне мүмкіндік беріп отыр. Медициналық нысан толықтай жаңа жиһаздармен, қажетті жабдықтармен, медициналық құрылғылармен қамтылды. Күндізгі стационар, балаларға арналған кабинет, сүзгі орны және өзге де бөлмелер ашылып, заманауи құрылғылар қойылды. Атап айтқанда, физиотерапия және зертханалық зерттеулер жүргізу үшін заманауи жабдықтар сатып алынды. Баланы дамыту кабинеті ашылды, онда медбикелер жас аналарға сәбиге күтім жасау, тамақтандыру бойынша бағыт-бағдар береді.

Айта кетейік, енді ауыл жұрты жарық және жылы ғимаратта медициналық көмек пен ем алады. Бүгінде үш дәрігер мен жеті медбике халыққа қызмет көрсетіп отыр.

БАЛҚАШ

● «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

Фельдшерлік-акушерлік пункт ашылды

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра ауданының Кертінді ауылында заманауи дәрігерлік пункт ашылды. «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған фельдшерлік-акушерлік пункт 25 науқасты қабылдай алады.

Фельдшерлік пен қоса акушерлік қызметті бірге көрсететін пункттің мүмкіндігі зор. Мұнда 12 кабинет жабдықталған. Құралдарды залалсыздандыратын, анализдерді жинау мен пациенттерді вакцинациялауға арналған заманауи жабдықтармен жарақтандырылған. Яғни, сырқат жандарға алғашқы көмек көрсетуге жағдай жасалған.

– Бұрын осындағы дәрігерлік ғимараттың тозығы жеткен болатын, яғни науқастарды емдеуге және санитарлық талаптарға сай келмейтін. Бұл мәселе ұзақ жылдар бойы өз шешімін таппай халықтың наразылығын туғыза бастаған-ды. Облыс, аудан басшылығының назарына іліккен күрделі мәселе таяуда шешіліп, жергілікті тұрғындар сапалы медициналық көмек алуға мүмкіндік алды, – дейді аудандық аурухана директоры Орал Мазитов.

Нұра ауданы

● ӨНЕР ӨРІСІ

Төрт автордың көрмесі

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік мерекесі аясында «Шахтинск квартетінің» сурет көрмесі Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінде ашылды. Көрме авторлары өз туындыларын көрермен назарына ұсынып, оң бағасын алды.

Шара Шахтинск қаласындағы Ә.Ысмаилов атындағы балалар көркемөнер мектебінің ұстаздары Жанабек Жұмабеков, Наталья Сайгушева, Елена Нивиденская, Ерсін Темірғалиевтің ұйымдастыруымен жүзеге асты. Көрмеге кескіндеме, графика, киіз басу, соус, пастель, линогравюра, граттография, компьютерлік графика техникасында салынған жұмыстар қойылды.

Ұлт тәрбиесінің өзегі, автор мен адамның ішкі жан дүниесін қабыстырып, үлкен туындыға айналдыру асқан талантты қажет етеді. Көңілдегі көрікті ойды сырлы бояумен әрлеу, түрлі түспен қағаз бетіне түсіру суретшінің шеберлігі екені даусыз. Осы көрмеде суретшілер сиқырлы сырлы өнерді көрермендерге жеткізе білді. Өнер шынайы бағаланды.

Қарқаралы аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұрлыбек Ілдебаев, аудандық архив бөлімінің басшысы Манарбек Кәрім, өнер мектебінің басшысы Рымкүл Спабекова, музей басшысы Назым Әбішева, мәдениет бөлімінің бас маманы Дана Әлиевалар аталмыш көрменің берер тәлімі мол екенін жеткізді. Сурет салу өнеріне деген құлшынысы бар таланттардың талабын ұштау мен шабыт беруде маңызы зор екендігін тілге тиек етті. Алдағы уақытта мұндай көрмелер ашық аспан астында, табиғат аясында ұйымдастырылса деген ұсыныстарын жеткізді.

Өз кезегінде көрме авторлары Манарбек Кәрімге Шахтинск қаласындағы Ә.Ысмаилов атындағы балалар көркемөнер мектебінің алдына Әубәкір Ысмаиловтың тас мүсінін бірлесе салуға ұсыныс жасады.

ШАХТИНСК

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Үштік бірлігі үзілмесін

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлихан Бөкейхан ауданының Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты «Оқушы – ұстаз – ата-ана» – үштік одақ ынтымақтастығы» атты ұстаздар мен ата-ана қауымының жеке кездесу күнін ұйымдастырды. Мектептегі әрбір оқушының ата-анасы келіп, баласының сабақ үлгерімін һәм тәртібімен өзге де мұң-мақтажын осы арада мұғаліммен талқылауға мүмкіндігі бар.

Мектеп табалдырығын аттай бере қаз-қатар тізілген әр пәннің мұғалімдері өздеріне жүгіне келген ата-ананы ден қоя тыңдап, арқалап келген мәселесінің шешімін бірге қарасуда.

– Ата-ана ретінде бұл мектепке алғысым шексіз. Қазір барлық жерде дамуды сөз етіп жатырмыз ғой. Сол дамудың бір шеті осы мектепке де жеткен. Қарапайым қазақша тәлім-тәрбие мен заманауи робототехника құрастырып оны басқарудан бастап біршама қабырғалы істер атқарылуда. Ең айта кетер жайым бұл мектепте бұзақылық, үлкендердің кішілерге әлімжеттілігі, жатақханаларында басбұзарлық атымен жоқ. Әрдайым көретініміз – үлкендері кіші оқушыларға қамқорлық танытатыны. Мектепке кірсеңіз, қазақша сәлемдесу, бір-біріне қазақша тіл қатысқан оқушыдан аяғыңды алып жүре алмайсың. Білімділігімен ізденімпаз оқушылар талай жүлделі орындар алып жүр. Ол спорттық жарыс болса да, білімнен жарыс болса да. Бұл да жетістік. Мұның бәрі ұстаздар қауымының еңбегі деп білемін, – деп баға берді 9 «а» сынып оқушысы Айым Жұмекенің анасы Бақыт Бейсенова.

Расында, 19 сынып бірдей шоғырланып, 61 ұстазға ұйыған оқушылар ордасынан өзгеше бір жылу еседі. Қаз балапанындай қатарласқан балалардың айтар әңгімесі кітап пен робототехника. Тіпті, үзіліс арасында да оқушылар өздерінің робот машиналары орналасқан залда түрлі ойындар ойнап уақыт өткізеді.

– Мектепке келгелі роботқа деген қызығушылығым артып, осы робототехника үйірмесіне қатыстым. Бүгінде өзіміз қолдан робот құрап оған қашықтан басқару құрылғысын енгіздік. Мысалы мына қос робот футбол алаңында кәдімгі футбол ойнауда. Ойын қарапайым екі жақтағы қақпаның біріне гол салу мен ұпай еселену арқылы жүзеге асады, – дейді 10 «ә» сынып оқушысы Темірлан Ахметбек.

Асылында, Жамбыл мектебінің бұл тек бір қыры ғана. Қазақстан Республикасының үздік 100 мектебінің һәм облыстың үздік 20 мектебінің қатарына енгенін былай қойғанда, жанында орналасқан жатақхананың да өзіне тән ерекшелігі баршылық. Ол алыс ауылдан қатынап оқитын балаларға арналған. Онда 200 орын бар. Күніне бес мезгіл ыстық тамақ беріледі. Ішінде заман талабына сай жуынатын бөлме де орналасқан. Бұл аз десеңіз, кейінгі үш жылдың мұғдарында оқушылар ұлттық бірыңғай тестілеуден де нәтижелі балл алып жүр. Мектеп басшысының айтуынша, орта есеппен оқушылардың 40 пайызы былтырғы жылы жоғары балл алған. Оның тең жартысы осы ауыл балаларының еншісі.

– Ауыл балалары қаланікіне қарағанда өте ұяң, біліп тұрса да өз ойын жеткізе алмай қысылып тұратындықтан, біздің мектепте ауыл баласына ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі аязда өзім күнде жатақханаға барып, бір мезгіл қарап тұрамын. Бөлмелер жылы. Интернет қосылған. Бір сөзбен айтқанда үйдегі жағдай жасалған. Тек ауылынан алыс шықпаған балалар алғашында тосырқайды. Кейін іштегі татулық пен мейірімді сезген соң үйреніп, үйірлесіп жатады. Бүгінгі ашық есігіміздің де негізгі себебі осы оқушы мен ұстаздың һәм ата-ана арасындағы алтын көпірді нығайту. Темірқазыққа айналған үштіктің бірлігі үзілмесе біз оқуда да, ұлттық тәрбиеде де ұтарымыз анық,– дейді мектеп директоры Бектөре Букенов.

Мектеп білімі қазір толығымен жаратылыстану, математика бағытына бейімделген. Содан болар, түлектердің көбі мұғалім мамандығын таңдайтын көрінеді. Былтырғы жылғы мектеп бітірушілердің жетеуі осы педагогика мамандығына оқуға түскен.

– Мұғалім мамандығы қазіргі қоғамға өте қажет мамандық деп біледі көп оқушы. Ал, қалғандары агро сала мен инженерлікке тапсырып, қазір оқуларын үздік бағамен оқуда, – деп атап өтті мектеп басшысы тағы да.

Мектептің білім саласы және тәрбиесі жағынан ата-ана, оқушымен ұстаздардың жеке жұмысы өзгелерге қарағанда бір саты алда екеніне көз жетті. Осынау мызғымас үштіктің арасы мығым болса, болашаққа қадам жарқын әрі нық болмақ.

● ЗАМАНДАС

Аманатқа адал жан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Өмірді сүйемін» дегенді кез келген адам айтады. Бірақ, оны әркім әртүрлі дәлелдейді. Дәлелдей алмайтындар да баршылық. Яғни, өмірді сөз жүзінде ғана сүйетіндер жақсылық пен ізгілікке құштарлықтың не екенін де білмей өтеді-ау, сірә... Ал, өмірге құштарлығы әр басқан қадамынан, әр тынысынан, тіпті, күнделікті атқаратын жұмысынан да аңғарылып тұратын жандардың сөйлеген сөзі мен айналасындағы адамдарға қарым-қатынасынан да өмірге деген шексіз махаббаттың хош иісі аңқып тұрады. Осындай өзіне жүктелген аманатқа адал, адамгершілігі мол, жауапкершілігі жоғары, ел алдында абырой-беделі биік жанның бірі – Зәуреш Әлдубайқызы Жақыпова. Кейіпкеріміз қазір «AMANAT» партиясы облыстық филиалының ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып келеді. Үнемі жүзінен мейірім төгіліп, көзінен күн күліп тұратын кейіпкеріміз асқаралы 60 жасқа аман-есен жетіп отыр...

Ғалымдардың айтуынша, адам баласына туған жерінің топырағынан да асыл қасиеттер беріледі. Сонымен қатар, әркім туған топырағынан түлеп ұшқан текті аталардың сара жолын үлгі тұтып өседі.

Кейіпкеріміз Зәуреш Әлдубайқызы да Арқаның шежіреге толы өлкесі Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында 1962 жылы туған. Жастайынан зерек болып өскен ол 1986 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін аяқтаса, 2013 жылы Қарағанды «Болашақ» университетін бітірген. Екі бірдей жоғары білімі бар.

Еңбек жолын 1986 жылы Шет ауданы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып бастап, 1989 жылдың қаңтарынан 1993 жылдың қыркүйегіне дейін Қазақстан комсомолы Шет аудандық комитетінің бөлім меңгерушісі, бірінші хатшысы қызметін атқарған.

1993 жылдың қыркүйегінен 2006 жылдың шілдесіне дейін Қарағанды облысы денешынықтыру және спорт басқармасының облыстық жастар және спорт комитетінің маманы, бас маманы, ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің меңгерушісі болып абыройлы қызмет еткен.

Кейде басшылық қызметке гуманитарлық бағыттағы мамандық иелерінің икемсіз болатынын алға тартамыз. Алайда, бұл пікірдің өте оғаш екенін кейіпкеріміз дәлелдеп отыр. Оның бойында адамзатты қалың ойға қалдырған Абайдың, Шоқанның, Мағжанның, Пушкиннің, Толстойдың, Достоевскийдің және басқа да әлемдік әдебиет саңлақтарының рухы бар. Қолы қалт етсе, әлемдік классиктерді жата-жастана оқуы – сөзімізге дәлел.

Ал, 2006 жылдан бүгінгі күнге дейін «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

Зәуре Әлдубайқызы қала және облыс жұртшылығы арасында үлкен құрмет пен беделге ие. Өзіне де, өзгеге де талапшыл, принципшіл, өзінөзі тәрбиелеумен үнемі айналысатын ізденімпаз жан. Қала мен облыстың қоғамдық-саяси өміріне, партияның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласып, партияның халық арасында беделі мен ықпалын арттыруға күш жұмсайды.

– Зәуре Әлдубайқызының көпшілікке үлгі ететін қасиеті – мемлекетшілдігі. Тапсырған істі тиянақты, уақытылы және жан-жақты ізденіспен орындайтындығы өзінен кейінгі қызметке жаңадан келген жас буынға үлгі-өнеге. Жауапкершілік жасынан қалыптасқан. Бұл – адамға ата-анадан, әулеттен берілетін жақсы қасиеттер. Мінезінде қаталдық, шыншылдық, әділеттілік бар. Кейде турасын бетке айтып жақпай қалады. Бірақ, ол кісінің жүрегінде үнемі мейірім тұнып тұратынын айту керек. «AMANAT» партиясында 16 жылдан астам жұмыс істеп келеді. Партия басшылығы мен әріптестері тарапынан ешқандай сын-ескертпе алмаған. Әр уақытта алғыс, мадақтама алып жүретін белсенді жан ретінде құрметтейміз. Бір әулеттің үлкен әпкесі ретінде, ата-ананың рөлін атқарып отырған қамқор азаматша. Туған ауылынан алыс кетпеген патриот жан. Демалыста туып-өскен шаңырағына барғанды жаны жақсы көреді. Соңына өнегелі із тастап келе жатыр. Мемлекеттік наградаларды да алған білікті маман ретінде құрметіміз жоғары. Әрбір он сегізінде өзіне лайық орны бар жан ретінде туған күнімен шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, жұмыста табыс тілейміз, – дейді «AMANAT» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Бекзат Қомарұлы.

Партиялық жүйеде тәжірибесі мол, партия белсенділерімен, облыстың әлеуметтік-экономикалық өмірімен етене таныс. Жауапты, шығармашыл, бастамашыл қызметкер. Ұйымдастырушылық және басқарушылық қабілеті жоғары. Зәуре Әлдубайқызының жетекшілігімен облыстық филиалдың барлық қызметі жоғары деңгейде өтеді.

– Зәуре Әлдубайқызын әріптес ретінде өте қатты сыйлаймыз. Өз ісінің шебері. Өйткені, осы партияда қызмет етіп келеді. Мемлекеттік қызметте де өзін жақсы жағынан көрсеткен. Ол кісіні «AMANAT» партиясының архиві» десек артық емес. Осы кезге дейінгі өткен шараларды ұйымдастыруда өз үлесі бар. Үлкенге сыйлы, кішіге үлгі болатындай маман. Келе жатқан туған күнімен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз. Әр уақытта осылай ортамызда көшбастар маман болып жүре берсін. Білмей жатқан көп дүниемізді осы кісіден сұраймыз. Үнемі көмекке дайын тұратын жанашыр көңілін қатты құрметтейміз, – дейді «AMANAT» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшының орынбасары Назарбек Жөкенұлы.

Партияның облыстық филиалы бақылау-тексеру комиссиясының жұмысын қамтамасыз етіп, 2020 жылғы праймеризді жұп-жұмыр етіп ұйымдастырды. Ауылдық округ әкімдерін сайлау жұмысын да қамырдан қыл суырғандай етіп үйлестіріп, партияның облыстық филиалы Саяси кеңесі бюросының жұмысын, түрлі деңгейдегі конференцияларын тыңғылықты ұйымдастырады.

1998-2005 жылдар аралығында Қарағанды қаласының №59 сайлау учаскесі сайлау комиссиясының төрағасы болып сайлануы да кездейсоқ емес. 2006 жылдан бастап, партияның барлық съездеріне делегат болды. 2005, 2011, 2015, 2019, 2022 жылдардағы Қазақстан Республикасы Президентін, 2004, 2007, 2012, 2016, 2021 жылдардағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі сайлауалды штабының жұмысына белсене араласқан. Бүкілхалықтық референдумды ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысып, елдің алғысын арқалаған жан (2022).

– «AMANAT» партиясы менің алғашқы жұмыс орным. Ол кісіден көп нәрсе үйрендім. Тәлім-тәрбие алдым. Өмірлік тәжірибесі мол жан. Ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары. Талапты, еңбек тәртібін қатаң сақтайтын іскер жол нұсқаушымыз. Қаталдығы болса да, қайтымы тез. 2007 жылдан бері өтіп жатқан электоралды компаниялардың басшысы болып, абыроймен қызмет атқарып келеді. Барлық сайлау Зәуреш Әлдубайқызының ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өтіп жатыр. Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы ретінде өз ісін жетік білетін маман, – деп атап өтті персоналды басқару бойынша консультант Хабиба Дақынова.

«Адал еңбек бақытқа жеткізер» деген даналықты бойына мықтап сіңірген кейіпкеріміз қандай жетістікке жетсе де, адал еңбек пен ізденімпаздықтың арқасында жеткен кәнігі маман. 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» медалімен, 2012 жылы «Нұр Отан» партиясының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен, 2016 жылы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медалімен, 2017 жылы «Астанаға – 20 жыл» мерекелік медалімен, 2016 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Көпбалалы отбасыдан уызына жарып өскен кейіпкеріміз үйде, мектепте, жоғары оқу орнында алған білімін толығымен ақтап, өз деңгейінде пайдаланып келе жатқан кәсіби қызметкер, білікті басшы. «AMANAT» партиясының жұмысына да, өзіне жүктелген елдің аманатына да адалдығы оның өмірге құштарлығын асқақтата көрсетіп тұрғандай.

Отбасына амандық, деніне саулық тілейміз. Құнына ештеңе тең келмейтін елдің алғысын арқалап адал қызмет етіп, қашанда абырой биігінде болуына тілекшіміз!

● ПОЭЗИЯ КЕШІ

Балауса жыр бүр жарды

Поэзия – адам жанын тебірентер құдіретті өнер. Адамдар бағзы замандардан бері поэтикалық қуаты жоғары шығармашыл жандарды құрмет тұтқан. Бүгінде өңірде жас ақындар толқыны өсіп келеді. Осындай талапты қаламгерлердің бірі – қасиетті Шет өңірінің ақын қызы Толғанай Айтболатқызы. Нәуірзек сынды нәзік жырларын насихаттау мақсатында М.Әуезов атындағы қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі № 23 филиалының ұйымдастыруымен Сұрыптау кентіндегі Теміржолшылар мәдениет сарайында «Өлең деген – Өмір үнді бір әлем» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Кеш барысында жас ақынның өлеңдеріне жазылған әндер орындалып, сырға толы жауқазын жырлары оқылды. Күзбен сырласа, көктемгі сезімге үн қоса білген ақын қыздың лирикалық туындыларын кеш қонақтары сүйсіне тыңдады. Жыр кешіне қалалық орталықтандырылған кітапханасы өлкетану бөлімінің меңгерушісі Айткүл Төлеуханқызы қатысып, жылы лебізін білдірді.

Қарағанды теміржол колледжінен бір топ әріптестері, студенттер және Толғанай ақынның өлеңдерін сүйіп тыңдайтын оқырмандар қауымы кештің әдемі сарында өтуіне үлес қосты. Толғанай қазақ-қырғыз сазгерлері Ж.Тәжібековпен, Қ.Сатаевпен шығармашылық байланыста. Шығармашылық одақтан туындаған «Асыл ана», «Сұлу қыз» әндерін көрермен қауым жылы қабылдады.

Кеш қонақтары жас дарынның бойындағы ерекше сезімнен туындаған ерекше қалыппен жазылған балауса шумақтары алдағы уақытта жыр әлемінде өзіндік орнын аларына сенім білдірді.

Р. ДАЛЕЛХАН,
қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі №23 кітапхана бөлім меңгерушісі

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Тарихқа апарар бір қадам...

Тәуелсіздік – әр қазақ үшін киелі ұғым. 14 желтоқсан күні Қарағанды қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен №14 мектеп-гимназиясында «Тарихқа апарар бір қадам» атты мектеп басшыларына арналған қалалық семинар өтті.

Семинарға Қарағанды қаласы білім бөлімінің басшысы Есентай Әшім және мектеп басшылары қатысты. Есентай Мұқатайұлы жаңа мектепте Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған осындай іс-шаралардың тәрбиелік мәні зор екенін атап өтті. Сондай-ақ, басқарудағы басшының рөлі тақырыбында ой бөлісті.

Мектеп басшысы Өрікбай Аринов барлық қатысушыларға алғыс айтып, тәрбиеге бағытталған мұндай шаралар әлі де жалғасын табатынын айтып өтті.

Семинар үш бөлімнен құралды. Бірінші бөлімде мектеп басшыларына арналған төрт бағыт бойынша ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында шеберлік сабақтар ұйымдастырылды. Екінші бөлімде «Q-talks» алаңы өтті. Семинар соңы мектеп ұжымы мен оқушылар дайындаған Тәуелсіздік күніне арналған концерттік бағдарламамен аяқталды. Мерекелік бағдарлама барысында еліміздің егемендік тарихы айтылды, тәуелсіздік тарландарына арнау оқылып, Алаш арыстарының өмірінен сахналық қойылымдар қойылды. Мектептің жас әншілерінен құрылған хор мерекелік шараның шымылдығын жапты.

Өз тілшімізден

Бала өнері – көрмеде

Балалар жылы 2022

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде балалар жылы аясында ұйымдастырылған «Мур-мур» көрме-байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Мектеп оқушылары мен өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар арасында «Мур-мур» көрме-байқауын өткізу жыл сайын дәстүрге айналған. Бұл жолы «Таңшолпан» балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты.

– Биылғы «Мур-мур» көрме-байқауына 6-12 жас аралығындағы балалар қатысты. Қатысушылар байқауда мысықтың бейнесін салады. Дәстүрге айналған шығармашылық сайыс пандемия кезінде өткізілмей қалды. Дегенмен, бұл жалғастық үзілмей келе жатыр. Балалар өз жұмысын дайындап, бізге жібереді. Біз жеңімпаздарды анықтап, қатысқандарға Алғыс хат пен түрлі сыйлықтар табыстаймыз. Жүлделер мен сыйлықтар сатып алуға көмектескен «Плаза» сауда үйі мен Қарағанды қаласы коллекционерлер клубының демеушілеріне алғыс айтамын, – деді Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің басшысы Бибігүл Құдабаева.

Бибігүл Сағынтайқызының айтуынша, мұндай байқаулар балалардың шығармашылық белсенділігін арттырады, шабыттандырады. Музей көрмесіне келудің өзі балаларға ұнайды. «Біз балалар үшін музейде экскурсия ұйымдастырамыз. Жас жеткіншектерді мәдениет нысандарына әкелу өте маңызды. Балалардың жолын ашсақ, олар басқа уақытта да келіп тұрады, – дейді ол.

Көрмеге балалардың түрлі қарындаштармен салған мысықтың суреттері қойылды. Арасында қолмен жасағаны да, моншақпен көркемделгені де бар. Көрмеге ілінген өз жұмыстарын көрген балалар мәз болысты.

Сондай-ақ, шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Жеткіншектер қағаздан өрнектеп, қар ұшқынын қиды.

«Таңшолпан» балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында ұйымдастырылған «Мур-мур» көрме-байқауында бас жүлде Алина Ноғайбаеваға берілді. Жанар Ақанова II орын алса, Аделя Могутина III орынға қол жеткізді. Көрмеге белсене қатысқан балалардың барлығына Алғыс хат пен арнайы сыйлықтар табысталды.

Айта кетейік, Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде 24 желтоқсанда жыл сайын дәстүрге айналған қайырымдылық фестивалі өтеді. Қарағандыдағы Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығымен бірлесіп, ДЦП диагнозымен ауыратын балалар үшін ұйымдастырылады. Музыканттар мен әртістердің қатысуымен өтетін фестивальде жәрмеңке де өтеді. Онда түрлі заттар сатылады. Сатылымнан түскен пайда ДЦП диагнозы қойылған бір баланың еміне жұмсалады екен.

Суреттерді түсірген **автор.**

Жанға жайлы мәнді кеш

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздік мерекесі аясында Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханада «Рухани келісім – бейбітшілік кепілі» атты кездесу кеші өтті. Этномәдени орталықтардың ұйытқы болуымен өткен шараға облыстық Мәдениет архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нілдібаев қатысты.

– Ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау парыз. Ұлттық құндылықтарымызды ескере отырып, өткенге құрметпен, келер күнге үміт арта отырып, қарышты қадам жасау міндеті тұр. Жаңа Қазақстанның да басты мақсаты осы,– деп жүрекжарды лебізін жеткізді Ерлан Нілдібаев.

Рухани кешке тілегі бір, тілеуі ортақ Тарас Шевченко атындағы «Ріднеслово» украин тілі бірлестігі, «Дакия» Румын мәдени орталығы, корей этномәдени бірлестігінің «КИППЫМ» ән-би ансамблі, Тәжік этномәдени орталығы бірлестігінің өкілдері және «Қарақат» мектеп-студиясының «Көңілашар» ансамблі қатысты.

Тарас Шевченко атындағы «Ріднеслово» украин тілі бірлестігінің жетекшісі И.Салагина еліміздің бүгінгі қол жеткізген маңызды жетістіктері, ұлтаралық және дінаралық келісім, әлеуметтік тұрақтылық, Ассамблеяның бүгінгі таңда атқарып жатқан жұмыстары жайында ой түйіп, кітапханаға Украин халқының ұлы жазушысы Т.Шевченконың «Кобзарь», В.Сергейчуктың «О Депортаций украинцев в Казахстане», «Украинская Голгота: Караганда» кітаптарын сыйға тартты.

Жанымызға – жылу, бойымызға қуат берген кітапханада өткен шара көрермендер көңілін шаттандырды. Түрлі ұлт өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті тұруы да осы Тәуелсіздіктің жемісі.

● ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Саптағы соңғы сәт

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ҚР Ұлттық ұланы 5451 әскери бөлімінде 2021 жылы сап түзеген сарбаздар қызметтік борышын өтеп, үйлеріне қайтқалы жатыр. Қуанышы қойнына сыймаған жас сарбаздарды әскери бөлім мерекелік кеш ұйымдастырып шығарып салды.

Іс-шараға сарбаздарға игі тілегін білдіріп, Құрмет грамотасын табыстау үшін Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының әкімдігі, Қарағанды қаласы полиция басқармасының бөлім басшылығы мен ардагерлері қатысты.

Шара барысында ҰҰ «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сәкентай Шекарбеков пен Қарағанды полиция департаменттерінің бастықтары мен бөлім командирі атынан 200-ден астам әскери қызметшіге Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар ата-аналарының атына «Отанына хат» және 20 әскери қызметшіге санатқа көтеру, яғни, «ефрейтор» әскери шені табысталды.

Еске сала кетсек, аталмыш сарбаздар 2021 жылдың қараша айында Жамбыл, Түркістан, Алматы, СҚО, ШҚО, БҚО, Ақмола облыстарынан келген еді. Енді бүгін Отан алдындағы борышын абыройлы атқарып туған топыраққа асыға аттанды.

● МҮШӘЙРА

«Жас жүрек жайып саусағын»

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Шырақ» тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде еліміздің Тәуелсіздік күніне орай, өлең өлкесіне қанат қаққан жас буынның шығармашылығына қолдау көрсету, жазба ақындық өнерді дамыту, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру мақсатында студент жастар арасында ұйымдастырылған «Еркіндігім – ең қымбаттым, киелім!» атты жыр мүшәйрасы мәреге жетті.

Аталмыш жыр додасына ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, ақын Ілияс Мұқай, Жәлел Қуандықұлы, Эльмира Сайлауқызы қазылық жасады.

– Осындай мүшәйралар өлеңге талаптанып жүрген жастардың қиялына қанат бітіреді. Әдебиетке қызығушылығы артып, қаламын ширай түседі. Жиналған барша үміткердің еңбегін ескеріп, жүлдеге лайықтыларын марапатқа ұсындық, – дейді шараны ұйымдастырушы, «Шырақ» тілдерді оқыту орталығының директоры, ақын Саят Тұяқбай.

Қазылар алқасының сараптауына ұсынылған 20-ға тарта жас буын өлеңдерінің арасынан сегіз ақынның өлеңі іріктеліп, нәтижесінде I орынды Нұрдәулет Марат иеленсе, II орын Дамила Досмахова, III орын Тілеужан Қамысбай, Бектас Жұман, Ділнәз Дәріғұлға берілді. Ал, Мирас Құрақбай, Серхан Сайрангүл, Қырмызы Алламбергенова мүшәйраның арнайы жүлде иегерлері атанды.

Сонымен қатар, жыр кеші барысында С.Бөдесов, Е.Марат, М.Кәрімнің туған ел тақырыбында шырқаған әндері кеш көрігін қыздыра түсті.

● КЕЗДЕСУ

Алаш айлығы аясында

Қалалық деңгейде қолға алынған «Алаш айлығы» аясында Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығында қаламыздағы тарих пәні мұғалімдерінің қатысуымен «Алаш арыстары және ұлт ұстазы» тақырыбында кездесу өтті.

Кездесуге Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Жандос Смағұлов және тарихшы-ғалым Ерғазы Төлеу арнайы қонақ ретінде шақырылды.

Іс-шара барысында кеш қонақтары тақырып аясында ой өрбіте отырып, бұрын-соңды айтылмаған құнды ақпараттарды айтты. Атап айтқанда, еліміздің шекарасын шегендеудегі Алаш қайраткерлерінің рөліне тоқталды. Ұлт жанашырлары қатарында Ахмет Байтұрсынұлының елеулі еңбегі бар екенін тілге тиек етті.

Одан әрі қатысушылар белгілі тұлғалардың ұлт руханиятындағы өзіндік орны бар екенін айтып, XX ғасырдың басынан бүгінге дейінгі аралықта қазақ тарихындағы ақтаңдақтар, көп айтыла бермейтін тарихи шындықтар төңірегінде ойын ортаға салды. Алдағы уақытта осындай мәселелерді тарих сабағында қалай оқытуға, жас ұрпаққа қалай жеткізуге болатыны туралы тарихшы мұғалімдерге сұрақ қоя отырып, өзекті мәселе ретінде көтерді. Кездесу соңында Ерғазы Қадашұлы Алаш арыстары туралы жақында ғана жарық көрген кітаптарын орталық ұжымына қолтаңбасымен тарту етті.

Өз тілшімізден

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің этикалық нормалары мен мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындау үшін Әдеп жөніндегі уәкіл қызметтік этика нормаларын сақтауды және заңнаманы бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз ету бойынша өз қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді.

Әдеп жөніндегі уәкіл туралы Ереженің 4-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы нормаларының сақталуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады.

Осыған байланысты этикалық нормалардың бұзылуының алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін арттыру мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл тұрақты негізде семинарлар мен дәрістер түрінде түсіндіру іс-шараларын өткізеді.

Осылайша, 2022 жылы Әдеп жөніндегі уәкіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін сақтауға, «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына енген өзгерістер мен толықтыруларды талқылауға қатысты 4 семинар өткізді. «Орталыққазжерқойнауы» ӨД РММ мемлекеттік қызметшілері арасында қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында анонимді 2 сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері департаменттегі моральдық-психологиялық ахуал тұрақты және жайлы екенін көрсетті, ұжымда іскерлік және тілектестік карым-қатынастар, сындарлы ынтымақтастық нығаюда.

Сондай-ақ, Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін одан әрі жетілдіру бойынша 2022 жылға арналған жоспарды орындау мақсатында іс-шаралар өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпаратқа жедел ден қою үшін жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған пошта жәшігі тұрақты негізде жұмыс істейді. Департаменттің стендінде және «Орталыққазжерқойнауы» ӨД РММ интернет-ресурсында әдеп жөніндегі уәкілдің байланыс телефондары орналастырылған.

Әдеп жөніндегі уәкілге телефон арқылы хабарласуға болады: 8-708-548-66-20, 8(7212)41-33-67 және электронды поштасы a.zhunusov@ecogeo.gov.kz.

«Орталыққазжерқойнауы» ӨД РММ

● БӘРЕКЕЛДІ!

«Текебұрқақ» – төрде

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында «Қазақстан театрлары – 2022» мониторингінің нәтижесі бойынша, «Қазақстан Театр сыншылары» бірлестігі атынан «Сыншылар жүлдесімен» марапаттау рәсімінде С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының пластикалық-морфоз жанрындағы «Текебұрқақ» спектаклі «Жылдың пластикалық қойылымы» номинациясына ие болды.

Сәкен театрының 90-шы мерейтойлық маусымы бұрын-соңды бұл сахнада қойылмаған пластикалық-морфоз драма жанрындағы соны дүниемен толықты.

Адам мен Табиғат, Табиғат пен Адам – егіз ұғым! Табиғатта Адамнан басқа да тіршілік иелері бар! Бәрінің түп-тамыры жұмыр жерге байланған! Сол тамырдан неге ажырап барамыз?..

Шерхан Мұртазаның «Текебұрқақта» айтқысы келген ойын дөп басқан Сәкен театрының көркемдік жетекшісі, қоюшы режиссер Айдын Салбан бастаған шығармашылық ұжымы екі кеш бойына мыңдаған көрерменді сахнаға телміртіп, жіпсіз байлап қойды. Жай ғана байлап қойған жоқ, тамсантып, таңырқатып, «Ұлы мәртебелі музыкаға» сай үйлескен би, қимыл-қозғалыс арқылы, бірауыз сөзсіз-ақ терең ойды ұғындырды, рухын оятты, санасын серпілтті.

Қобыз сарыны, домбыра күмбірі, барабан дауысы, сырнай мен сыбызғы үні түпсіз терең ойларға жетелейді. Мұның барлығын үйлестірген қойылым композиторы, «бір өзі бір оркестр» – Серікжан Айтқали мен сахна сайысын қойған – Жалынбек Ахан, балетмейстер – Перизат Әбдірахман.

«Аркадағы өнердің ақсарайы» атанған киелі орданың ұжымын кезекті жеңісімен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!

Дала тағылымын алған дарын

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кешке дәстүрлі ән өнерінің майталмандары Рамазан Стамғазиев, Ерлан Құжыманов, Еркін Шүкіман және қазақ эстрада жұлдыздары Меруерт Түсіпбаева, Роза Әлқожа һәм Сейіл Аяғанов қатысты. Дала тағылымына ден қойған Арқа ұлының айтулы күніне қарағандылық өнерсүйер жұртшылық тай-тұяғымен жиналды.

– Ақселеу ағаның әнімен бастағанды жөн көрдім кешімді. Мұнымды жиылған жұрт та құп көреді деп білемін, – деп атап өтті Ерлан Төлеутай кеш басында.

Бұдан кейін Балуан Шолақтың «Сентябрь» әнін шырқап, бұқараны тағы да тамсандырды. Ол сахнада тек әнші ғана емес, ән тарихын бірді-екілі сөйлемнің саясына сыйдырған тарихшы да болды. Әр шырқаған әнінің шығу тарихын баян етіп, көпшілік білмеген ән сырларын ашты. Мысалы, «Сентябрь» әні Балуан Шолақ 800 келі кірдің тасын көтеріп, масаттанғанда туған ән екен.

Сонымен қатар, Үкілі Ыбырайдың 60 жасында шәкірттерінің алдында аманаттай салған «Қалдырған» әні де Ерлан Төлеутайдың репертуарынан табылды.

Ал, Біржан салдың «Ақсеркеші» төгілдіргенде, залдағы әнсүйер қауым, тіпті, айғай мен қиқуға басты. Расында, бұл әннің ерекшелігін Ерлан Мұқатайұлы толық таныта білді. Ән нақышын нақтылай басып, бір кезде сипай ескен тау самалы болып, сызылта басып ән демін үзсе, бір сәттері буырқанып, тас шайған тау бұлағындай мөлдіретті. Ине шаншар орын болмаған залдың қиқуға басу себебі де осы.

Кеш барысында облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов сөз сөйледі.

– Бұған дейін осындай бірегей тұлғалардың кештері пандемияға бола бірнеше мәрте тоқтап еді. Енді қайта жалғасын тауып, көпшіліктің көңілін жайландырды. Басымызды қосқан кеш иесіне, оның өнеріне құрметіміз шексіз. Құрметті Ерлан Мұқатайұлы, ел-жұртыңызға еркелеп, қазақ өнерін дәріптеуден танбаңыз, – деп облыс әкімінің құттықтауын табыстады. Бұған қоса, Ұлытау облысы әкімінің және Жаңаарқа, Шет ауданы әкімінің де құттықтаулары сахнада оқылып, кеш иесіне салтанатты түрде тапсырылды.

Кешті Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры Жансая Жарылғап тізгіндеп, сұхбат ретінде өткізді.

Сұхбат барысында Ерлан Төлеутайдың әншілік, композиторлық өмірі баяндалды. Алғаш 21 жасында шығарған «Айтып кетсем деп едім» әнін Сейіл Аяғанов сахнаға алып шықты.

Дәл осы әннен соң, Ерлан Мұқатайұлының әндер легіне кезек берілді. Ерлан Құжымановтың орындауында композитордың «Ғашық едім қайтейін», «Көңілім» әндері жиналған жұрттың құлағына майдай жақты.

Кештің бір атап айтарлығы – әнші Меруерт Түсіпбаеваның орындауында тұсауы кесілген Ерлан Төлеутайдың «Баянауыл» әні. Сонымен қатар, 2002 жылы алғаш Меруерт Түсіпбаеваның орындауында танылған «Сен және мен» әні шырқалып, оның тарихы шертілді. Бұл әннің сөзін ақын Жанат Әскербекқызы жазған екен. Ән сырының тереңіне үңілсеңіз, расымен, мұңды, тыңдаған жанды баурап алардай тазалық сезіледі.

Ақын Қайрат Асқардың сөзіне жазылған «Ауылға кетемін» әнін әнші Еркін Шүкіман нақышына келтіре әуелеткенде, көңілі алып ұшқан көрермен тағы да сиқырлы сазды күйге бөленді.

«Екі ішек, қу тақтайын» ала сап, арқасы қозған бақсыдай кеш иесі тағы да өзі шықты сахнаға. Бұл жолы ол Ақанның Құлагерге мағмұрланып шығарған «Маңмаңгерін» шырқады.

Ән әуеден жерге түсер емес. Қалың қауымның қолпашы кеш иесіне Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» әнін тағы шырқатты. Ән деген сиқыр емес пе, шіркін?!. Әнге мастанған жұртшылықтың қайтқысы жоқ.

Бұл кеште тек ұлы композиторлардың ең танымал шығармалары шырқалды.

Соның бірі – Үкілі Ыбырайға ұстаздық еткен Нүкейдің әні. Ал, Мәдидің «Қаракесегіне» кезек келгенде зал тым-тырыс тыңдады. Қоңыр домбыраның күмбірлеген мұңды үні мен әншінің күңіренген дауысы ғана үстемдік құрды.

Жиналған қауым бұл кештен ән ғана тыңдап тарқасты десек, жалған. Олар бұл жерден тарихты білді, тағылым алды десек, сонда шындыққа жанасары хақ. Дала тағылымын алған дара тұлға тойы өз миссиясын осылай орындады.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДІЛБЕК

● ФУТБОЛ

«Шахтердің» қақпашысы жыл үздігі

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубының әрі Қазақстан құрамасының қақпашысы Игорь Щацкий «Алтын адам» ұлттық премиясының «Жыл спортшысы» аталымын жеңіп алды.

33 жасар қарағандылық қақпашы Ұлттар лигасының 2022/2024 кезеңінде құраманың негізгі қақпашысы болған. Қақпашының арқасында құрама топтық кезеңнен I орынмен шықты. Сондай-ақ, өткен маусымда «Шахтер» клубы конференциялар лигасының плей-офф кезеңіне өткен. Одан бөлек, жерлесіміз пенальти сериясына дейін созылған екі ойынды алып шыққан. Және Молдова құрамасына қарсы ойында қарсыластың 11 метрлік айып добын қақпаға дарытпаған еді.

Игорь Шацкий Қазақстанның кәсіби футбол лигасында осымен екінші мәрте «Үздік қақпашы» атанып отыр. Бұдан бұрын аталмыш премияның «Жыл спортшысы» атағын алған спортшылардың қатарында Геннадий Головкин, Дмитрий Баландин және Илья Ильин бар.

● ХОККЕЙ

Қарағандылықтар жарап тұр

Көкшетаулық «Арлан» клубы өз алаңында қарағандылық «Сарыарқадан» 2:3 есебімен жеңіліп қалды.

Қос команда күні бұрын кездескен. Ол жолы да қарағандылықтардың бәсі басым болып, қарсыластарын 2:4 есебімен жеңген. Ал, бұл жолғы жеңіс жерлестерге оңайға соқпады.

Алғашқы таймда қос команда есеп аша алмады. Бір айналым бойы осал тұстарын таба алмай, соққылары қақпаға дарымады. Тек, екінші айналымда жерлестер есеп ашты. 24-ші минутта Руслан Демин қарсылас қақпашысынан айласын асырды. Араға 2 минут салып Антон Злобин есепті еселеді.

Қарағандылықтар осы қарқынымен 53-ші минутта Александр Борисевич есепті 0:3-ке жеткізді. Бірақ, бұл жолы көкшетаулықтар қарап қалмады. 55-ші минутта – Даниил Жарков, 59-шы минутта – Владислав Дюкарев есеп айырмасын қысқартты.

Қарсыластарынан бір гол айырмашылығымен жеңілген көкшетаулықтар турнир кестесінде 39 ұпаймен IV орында тұр. Ал, қарағандылықтар 61 ұпаймен көш басында.

● ПОЭТИКАЛЫҚ ДУЭЛЬ

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...»

Қарағандыда студенттер арасында «Азаттық неткен ғажап ең» атты поэтикалық дуэль өтті. Осымен екінші рет өткен іс-шара Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлының идеясымен облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. Дуэльге 14 студент қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазылар алқасының құрамында Ерік Нарын, Әділет Шопен, Салтанат Қайырбек сынды шайырлар болды. Өлеңге талаптанып жүрген студент жастар өз өлеңдерін тебірене оқыды. Поэзияға деген іңкәрлік олардың алып ұшқан көңілінен аңғарылып тұрды.

– Осы шарада бізге қолдау білдірген Мәжіліс депутаты Шамиль Осин мен «Мәйкер» құю-машина жасау зауытының басқарма төрағасы Жәнібек Алтынбекұлына, Қарағанды медицина колледжінің ректоры Аманжол Нұрбек мырзаға, Ержан Әділбеков пен Айдос Ақшонтаевқа Қарағандының жас ақындары атынан һәм өз атымнан зор алғыс айтамын. Осы істе тізе қосып, қолдау жасаған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикеновке және жақсы істің басына жиналған басқа да азаматтарға алғысым шексіз. Әдебиеттің досы Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Төкеннің де жанашырлығын атап өткен жөн, – дейді Жанат Жаңқашұлы.

Поэтикалық дуэль қорытындысында, I орынның 200 000 теңгелік сертификатына Ералы Ғани ие болды. Оның аяқ алысы басқа үміткерлерге қарағанда бір бас жоғары болғанын айта кеткен жөн.

Ал, II орынның 100 000 теңгелік сертификаты Нұрдәулет Маратқа бұйырса, III орынның 50 000 теңгелік сертификаты Тілеужан Қамыспай мен Шұғыла Ойратқа табысталды. Жүлдеге ілікпеген 10 қатысушы да құр қалған жоқ. Оларға 10 000 теңгеден берілді.

– Былтыр облыстық Жастар саясаты жөніндегі басқарманың қолдауымен өткізген едік. Сонда бұл шараны «дәстүрлі түрде өткіземіз» деп уәде бергенбіз. Уәдеде тұрып, биыл екінші рет өтті. Жастардың аяқ алысы жаман емес, – деп атап өтті шараны ұйымдастырушылардың бірі Асхат Қажытай.

● ЖҮЗУ СПОРТЫ

Ұлттық рейтингте – бірінші

Жүзуден Грециянның Салоники қаласында өткен халықаралық турнирден жерлесіміз Ксения Игнатова үш алтын медаль жеңіп алды. Осы жеңісінен кейін спортшы ұлттық рейтингте бірінші орынға көтерілген.

Аталмыш турнирге әлемнің жеті елінен 600 спортшы қатысқан. Ксения Игнатова 50, 100 және 200 м қашықтықта шалқалап жүзуден бақ сынап, үш бірдей алтын медаль еншіледі. Бүгінде спортшы Ә.Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушісі. Өзі Саран қаласының тумасы. Осы жетістіктерінен кейін құрдастарының арасында ұлттық рейтингте бірінші орынға шықты. Сондай-ақ, 2023 жылғы Азия ойындарына жолдама иеленген алғашқы үміткер атанды.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: www.ortalyq.kz Таралымы 6 230 Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА
Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77
Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген.
● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

№142 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ